## 2. Тілек және бата түріндегі бірліктер

### Аноним

*«Бари жақсы болғай!! Елимиз аман, журттымыз тыныш болғай!! Аумин»* [12].

**Аноним** лақап атты комментатордың мәтіні тілек, өсиет түрінде құрылған. Бұл туынды мәтінде қазақ халқының мәтін сөзжасамының ұлттық ерекшелігі көрсетілген: Сөздің мәнін түсінбеген адам, өз мәнін де түсінбейді, деп түсінген қазақ халқы дұрыс айтылған, даналыққа толы сөздерді құрмет тұтады. Ол кез келген бастаманы жақсы және ізгі тілектермен бастауға тырысады.

## 3. Паремнологиялық бірліктер

### Мұхтар

*Мәә, солай ма! Алма алма ағашынан алысқа ұзамайды* деген осы да! Бәрі белгілі болды, *Нақпаевтың жер астынан шыққан жік сияқты неғып Нұр Отаннан Парламентке депутат болып бара жатыр десем. Оны акиматтан қуып шыққан жоқ па еді. Көкесі Байбек екен ғой* [13]. Интернет-түсіндірме мәтініндегі ұлттық ерекшелікті сипаттайтын элемент – **«Алма алма ағашынан алысқа ұзамайды»** [13] деген мақал. Ол көптеген халықтарға тән және жақсы тәрбиеленген ата-анадан жақсы ұрпақ дүниеге келеді, өседі деген мағынаны білдіреді. Атадан көрген ұл көкпаршы, анадан көрген қыз өрімші болады, мақал ұрпақтар арасындағы тәлім-тәрбиенің маңызды екенін байқатады. Мұндай ұстаным халықтың тәрбиелік құндылықтарын, ата-баба жолын жалғастыру қажеттілігін көрсетеді.

## 4 Фразеологиялық бірліктер

### Гость

*Мұғалімдерге енді врачтар қосылды. Күн көре* алмай жүрсіңдер ме? Өз **қара бастарыңды** ойлап, **Ұрпақтарыңның тамырына балта шауып** жатырсыңдар. және оны жақсы біліп отырсыңдар. сонда сендердің *аттарың кім болады?* [14]. Көріп отырғанымыздай, комментатор бақылаушылар үшін әзірленген тест және жоғалған мандаттар туралы мақалаға берілген түсіндірмеде көпшіліктің назарын ассоциациялаған нысанға аудару үшін *күн көру* (өмір сүру деген мағына білдіреді), *қара бастарыңды* (өздеріңнің жеке мүдделеріңді), *тамырына балта шапты* (өмірде үлкен бір қателік істеу) сынды фразеологиялық бірліктерді қолданады. Комментатор сөзінің мазмұнды бөлігі ұлттық-спецификалық бірліктер – тұрақты тіркестермен белгіленген. Олар мазмұнды құндылықтармен қанықтырылады, осылайша белгілі бір эмоцияларды қалыптастырады, сезімдерді әрлендіреді, ал бұл адамдарды белгілі бір әрекеттерге итермелейді.

## 5. Мифологиялық бірліктер

### Айсауле

*Развите Казахстана напоминает мне «Ертостик») За 27 лет добились очень многого, у нас правильное направление, и быстрые шаги! (Қазақстанның дамуы маған «Ер Төстік» ертегісін еске түсіреді) 27 жылда біз көп жетістікке қол жеткіздік және дұрыс бағытта жылдам қадам жасап келеміз! – аударма біздікі).* Интернет-түсіндірменің алғашқы бөлігіне назар аударатын болсақ, онда автор түпнұсқа мәтінде сипатталған оқиғалардың нәтижесін Ер Төстік халық ертегісіндегі басты кейіпкердің жетістіктерімен байланыстыратынын көреміз. Түсіндірмеде ертегі кейіпкерінің есімін қолдану кездейсоқ емес: қазіргі оқиғаны бағалау автордың мәдени және ұлттық түсініктерін ескере отырып беріледі.

Түсіндірме авторы халық ертегісі арқылы ел тәуелсіздіктің қысқа мерзімінде онда тұратын адамдар мен олардың бойында ертегі батырларына тән күштің арқасында

айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізгендігін жеткізеді. Сонымен қатар түсіндірмеде ұлттық-мәдени мұраның бір бөлігі болып табылатын халық ертегісі арқылы елдің дамуына баға беріледі. Тәуелсіздік кезеңінде біздің экономикамыз 25 есе өскені жайлы құрылым бастапқы мәтіннің мазмұны бұрмаланбай, тек сыртқы түрі өзгергенін аңғартып қоймайды, сондай-ақ мәтіннің сөзжасамдық әлеуетінің іске асырылғандығын көрсетеді. Өзгеріс сыртқы құрылымдар деңгейінде жүреді және модификациялық сипатта болады.

## 6. Діни бірліктер

### Аноним

*Шүкір елімізде қаншама өзге ұлт өкілдері өмір сүрсе де бірлігіміз жарасып жүр. Соның бір дәлелін мына суреттен де аңғаруға болады. Алла осы күнімізден айырмасын [15].* Түсіндірмеде автор Мемлекет басшысының Алматы облысына жасаған іссапарын баяндап, оқиғаға байланысты Құдайға жүгінеді. Бұл жағдайда түсіндірмеші бастапқы мәтін авторының пікірімен келіседі. Ол бастапқы мәтіннің мазмұнын сақтайды, дегенмен оның формальды-мазмұндық компоненттерін қайталамайды. Туынды мәтін мәтіндік стратегия мазмұнының көшірме тактикасы арқылы жасалады. Қазақ комментаторларының мәтін сөзжасамына Құдайдың есімін қолдану, мәтіндерді жасау барысында Алла Тағалаға деген сенім көрсету сияқты ортақ қасиет тән; бұл қазақ халқының өзіндік ұлттық ерекшелігі болса керек.

## 7. Поэтикалық бірліктер

### Местный Гость

*Айналайын, арда ұлым! Бергей балам! Жарадың! Қараңғы қазақ төріне, Өрмелеп шығып күн болдың. Сәттілік тілейміз, біз қолдаймыз! [16]* Байқағанымыздай, интернет-түсіндірменің авторы өзінің көңіл күйін қазақтың ұлы ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыровтың поэзиясынан алынған жолдар арқылы жеткізеді.

### Қараңғы қазақ көгіне,

### Өрмелеп шығып, күн болам!

*Қараңғылықтың көгіне,*

*Күн болмағанда, кім болам? [17].*

Ол «Шәкірт ойы» [17] өлеңінің алғашқы жолдарын өзгеріссіз келтіреді. **Местный Гость** лақап есімді комментатор осы өлең жолдарын қолдану арқылы Атырау облысының экс-әкімі беделін көтеруге тырысады, өйткені өлеңнің мазмұнында оны қазақ халқына көмек қолын беретін күнмен байланыстырады. Ол қазақ лингвомәдениетінің құндылық символы болып табылатын прецеденттік тұлғаның сөздерін пайдаланады. Өйткені Сұлтанмахмұт Торайғыров қазақ тарихында, әдебиетінде және санасында маңызды орын алады.

**Нәтижелер.** Лингвомәдени компоненттері бар интернет-түсіндірмелер мәтін сөзжасамының қандай жолымен өнімді жасалғандығын сандық есептеуден аңғаруға болады. 1-кестеде лингвомәдени бірліктер қолданылу жиілігі бойынша орналастырылған. Ұлттық-спецификалық бірліктер (реалийлер) ең жоғары көрсеткішке ие, өйткені ұлттық бірегейлікті көрсететін тұрмыстық заттар коммуниканттар тілінде өнімді қолданылады. Параметрлер ішінде поэтикалық бірліктер ең төмен көрсеткішті көрсетті, себебі коммуниканттардың барлығы бірдей өз ойын білдіруде поэтикалық бірліктерді пайдаланбайды. Лингвомәдени компоненттері бар интернет-түсіндірмелер төменде берілген бірінші кестеде айқын көрсетілген.

1-кесте – Лингвомәдени компоненттері бар интернет-түсіндірмелер

Лингвомәдени компоненттер	Түсіндірмелердің жалпы саны	Пайыздық мөлшері (%)
Ұлттық-спецификалық бірліктер (реалийлер)	68	22,7 %
Бата мен тілек түріндегі бірліктер	60	20 %
Паремиологиялық бірліктер	51	17 %
Фразеологиялық бірліктер	38	12,6 %
Мифологиялық бірліктер	35	11,7 %
Діни бірліктер	26	8,7 %
Поэтикалық бірліктер	22	7,3 %
Барлығы	300	100 %

**Қорытынды.** Дәстүрлі мәдени құндылықтар мен заманауи технологиялардың қарқынды дамуының түйіскен тұсында халықтың тарихи-мәдени құндылықтарын бейнелейтін және тілдік санасында қалыптасатын лингвомәдени бірліктерді зерделеу қазіргі уақытта маңызды мәселе болып отыр. Бұл бірліктер халықтың дүниетанымын көрсетумен қатар, ұлттық бірегейлікті сақтап, мәдени дәстүрді жаңғыртуға үлес қосады. Лингвомәдени бірліктер ұлттық тіл мен мәдениеттің өзара байланысын айқындап, қоғамның мәдени және рухани өміріне зор ықпал етеді.

Интернет-түсіндірме мәтіндерін лингвомәдениеттанымдық және лингвоперсонологиялық тұрғыдан талдау нәтижелері лингвомәдени компоненттері бар тілдік деректерді семантикалық ерекшеліктеріне қарай жіктеуге мүмкіндік берді. Бұл компоненттер мифологиялық, фразеологиялық, паремиологиялық, поэтикалық, тілек, бата түріндегі бірліктер, сондай-ақ діни және ұлттық-спецификалық сөздер (реалийлер) ретінде қарастырылды. Мұндай жіктеу тілдік деректердің терең мағынасы мен мәдени контекстін ашуға, оларды ұлттық мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде түсінуге мүмкіндік береді.

Лингвомәдени компоненттердің бұл бірліктері қазақ лингвомәдениетінің құндылық бейнесін модельдейді, коммуниканттардың ұлттық санасын көрсетеді, қазақ халқының әлемдік бейнесін қайта жаңғыртуға ықпал етеді. Өйткені олар тек тілдік емес, сондай-ақ ұлттық мәдениет пен дүниетанымның да айнасы болып табылады. Осылайша, интернет-түсіндірмелерде кездесетін лингвомәдени бірліктер халықтың рухани құндылықтары мен ұлттық ерекшеліктерін сақтауға, жаңғыртуға және таратуға қызмет етеді. Бұл зерттеу ұлттық мәдениеттің қазіргі заманғы ақпараттық кеңістікте қалай бейнеленетінін түсінуге мүмкіндік береді.

## Әдебиеттер

1. Гумбольдт В. фон. Избранные труды по языкознанию: пер с нем. / В. фон Гумбольдт / общ. ред. Г. В. Рамишвили. – М.: ОАО ИГ Прогресс, 2000. – 400 с.
2. Самситова Л. Х. Культурный концепт как лингвокультурный феномен // Вестник Башкирского университета. №3. –1. – 2011. – С. 1045–1048.
3. Минский М. Фреймы для представления знаний. – М.: Наука, 1979. – 154 с.
4. Карасик В. И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс / В. И. Карасик. – М.: Гнозис, 2004. – 390 с.
5. Наумов В.В. Лингвистическая идентификация личности. Изд. 2-ое, стереотипное. – М.: КомКнига, 2007. – С. 154–240.
6. Алимжанова Г.М. Сопоставительная лингвокультурология: сущность, принципы, единицы: автореф. дис. ... д-ра филол. наук. – Алматы: 2010. – 46 с.

7. Кшибеков Д. К. Истоки ментальности казахов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 204 с.
8. Бец М. В. Аксиологическая соотнесенность текста информации-онно-аналитической статьи и комментария в виртуальном пространстве Рунета: дис. ... канд. филол. наук. – Кемерово: Кемеровский гос. ун-т, 2013. – 189 с.
9. Савельева И.В. Вариативность стратегий текстовосприятия и текстопорождения: лингвоперсонологический аспект (на материале текстов политических интернет-комментариев): дис. ... канд. филол. наук. – Кемерово, 2013. – 251 с.
10. Мельник Н. В. Деривация русского текста: лингвистические и персо-нологические аспекты: монография / Н. В. Мельник. – М.: Ленанд, 2014. – 280 с.
11. Ергалиева С. Ж., Асанбаева Е. Б., Сахариева А. Ж. Текст политического интернет-комментария как объект виртуальной культуры: лингвоаксиологический анализ // Вестник Карагандинского университета. № 1. – Караганда, 2022. – С. 62–68. DOI: <https://doi.org/10.31489/2022ph1/62-68>
12. Yergaliyev K.S., Sarybayeva B.Zh., Melnik N.V., Uaikhanova M.A., Assanbayeva E.B. Exploring the New Role of Mythologems in Shaping National Identity and Digital Discourse in Kazakhstani Communications // International Journal of Society, Culture & Language, 2024. – 12 (3). – P. 224–240. DOI:10.22034/ijsc.2024.2043142.3740
13. Садешов А. КНБ обнаружил правила работы национальной системы видеомониторинга. URL: <https://www.nur.kz/politics/kazakhstan/1867421-knb-obnarodoval-pravila-raboty-nacionalnoj-sistemy-videomonitoringa/>
14. Хайруллина Н. Тест для наблюдателей и пропавшие мандаты. URL: <https://azh.kz/ru/news/view/73518>
15. Хайруллина Н. Байбек и ПЦР-тест. URL: <https://azh.kz/ru/news/view/73205>
16. Майтанов А. Зачем в Атырау приезжал помощник президента? URL: <https://azh.kz/ru/news/view/72684>
17. Бергей Рыскалиев и Макс Бокаев попали в отчет госдепа США. URL: <https://azh.kz/ru/news/view/75559>
18. Экс-аким Атырау Алимухаммед Куттумуратулы стал замом Ногаева. URL: <https://azh.kz/ru/news/view/80718>
19. Торайғыров С. Шәкірт ойы. URL: <https://bilim-all.kz/olen/919-SHakirt-oiy>

**Қ.С. ЕРГАЛИЕВ, Б.Ж. САРЫБАЕВА, М.А. УАЙХАНОВА**

НАО Павлодарский педагогический университет имени А. Маргулана, Павлодар, Казахстан  
НАО Торайғыров университет, Павлодар, Казахстан

### **ОТРАЖЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ В ИНТЕРНЕТ-КОММЕНТАРИЯХ: ТРАДИЦИИ И НОВАТОРСТВО**

На стыке традиционных культурных ценностей и стремительного развития современных технологий в настоящее время важной задачей является изучение лингвокультурных единиц, которые отражают историко-культурные ценности народа и формируются в его языковом сознании. Эти единицы не только показывают мировоззрение народа, но и способствуют сохранению национальной идентичности и возрождению культурных традиций. Лингвокультурные единицы определяют взаимосвязь национального языка и культуры, оказывая значительное влияние на культурную и духовную жизнь общества. В статье рассматриваются лексемы, встречающиеся в комментариях современных казахстанских интернет-пользователей, которые становятся объектом исследования и анализируются с разных сторон. Анализ проводится с использованием методов описания, повествования и лингвокультурного анализа. В результате лексемы, содержащие лингвокультурные компоненты, классифицируются по семантическим особенностям в такие параметры, как мифологические, фразеологические, паремиологические, поэтические единицы, а также выражения в форме пожеланий, бата (благословений), религиозные и национально-специфические слова (реалии). Данные единицы способствуют отражению национального сознания коммуникантов,

моделированию ценностного образа казахской лингвокультуры, реконструкции образа мира казахского народа.

**Ключевые слова:** национальные ценности, интернет-комментарий, языковые единицы, лингвокультурные компоненты, языковая картина мира.

**K.S. YERGALIYEV, B.ZH. SARYBAYEVA, M.A. UAIKHANOVA**

Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan, Pavlodar, Kazakhstan  
Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan

## REFLECTION OF NATIONAL VALUES IN INTERNET COMMENTS: TRADITIONS AND INNOVATION

**Annotation.** At the intersection of traditional cultural values and the rapid development of modern technologies, an important task at present is the study of linguocultural units that reflect the historical and cultural values of the people and are formed in their linguistic consciousness. These units not only reflect the worldview of the people but also contribute to the preservation of national identity and the revival of cultural traditions. Linguocultural units determine the relationship between the national language and culture, exerting a significant influence on the cultural and spiritual life of society. The article examines lexemes found in the comments of modern Kazakhstani internet users, which become the object of research and are analyzed from various perspectives. The analysis is carried out using the methods of description, narration and linguocultural analysis. As a result, lexemes containing linguocultural components are classified by semantic features into such parameters as mythological, phraseological, paremiological, poetic units, as well as expressions in the form of wishes, bata (blessings), religious and nationally specific words (realia). These units contribute to reflecting the national consciousness of communicants, modeling the value image of Kazakh linguistic culture, and reconstructing the world image of the Kazakh people.

**Keywords:** national values, Internet commentary, language units, linguacultural components, linguistic picture of the world.

### References

1. Gumbol'dt V. Fon. Izbrannye trudy po jazykoznaniju: per s nem. / V. fon Gumbol'dt / obshh. red. G. V. Ramishvili. – M.: OAO IG Progress, 2000. – 400 s.
2. Samsitova L. H. Kul'turnyj koncept kak lingvokul'turnyj fenomen // Vestnik Bashkirskogo universiteta. – №3–1. – 2011. – S. 1045–1048.
3. Minskij M. Frejmy dlja predstavlenija znaniy. – M.: Nauka, 1979. – 154 s.
4. Karasik V. I. Jazykovej krug: lichnost', koncepty, diskurs / V. I. Karasik. – M.: Gnozis, 2004. – 390 s.
5. Naumov V. V. Lingvisticheskaja identifikacija lichnosti. Izd. 2-oe, stereotipnoe. – M.: KomKniga, 2007. – S. 154–240.
6. Alimzhanova G. M. Sopotavitel'naja lingvokul'turologija: sushhnost', principy, edinicy: avtoref. dis. ... d-ra filol. nauk. – Almaty, 2010. – 46 s.
7. Kshibekov D. K. Istoki mental'nosti kazahov. – Almaty: Dajk-Press, 2006. – 204 s.
8. Bec M. V. Aksiologicheskaja sootnesennost' teksta informacii-onno-analiticheskoy stat'i i kommentarija v virtual'nom prostranstve Runeta : dis. ... kand. filol. nauk. – Kemerovo: Kemerovskij gos. un-t, 2013. – 189 s.
9. Savel'eva I. V. Variativnost' strategij tekstovosprijatija i tekstoporozhdenija: lingvopersonologicheskij aspekt (na materiale tekstov politicheskikh internet-kommentarijev): dis. ... kand. filol. nauk. – Kemerovo, 2013. – 251 s.
10. Mel'nik N. V. Derivacija russkogo teksta: Lingvisticheskie i perso-nologicheskie aspekty: monografija / N. V. Mel'nik. – M.: Lenand, 2014. – 280 s.



11. Yergaliyeva S. Zh., Asanbaeva E. B., Sahariev A. Zh. Tekst politicheskogo internet-kommentariya kak ob#ekt virtual'noj kul'tury: lingvoaksiologicheskij analiz // Vestnik Karagandinskogo universiteta. № 1. – Karaganda, 2022. – S. 62–68 URL: <https://doi.org/10.31489/2022ph1/62-68>
12. Yergaliyev K. S., Sarybayeva B. Zh., Melnik N. V., Uaikhanova M. A., Assanbayeva E. B. Exploring the New Role of Mythologems in Shaping National Identity and Digital Discourse in Kazakhstani Communications // International Journal of Society, Culture & Language, 2024. – 12 (3). – P. 224–240. DOI: 10.22034/ijsc.2024.2043142.3740
13. Sadeshov A. KNB obnarodoval pravila raboty nacional'noj sistemy vi-deomonitoringa. URL: <https://www.nur.kz/politics/kazakhstan/1867421- knb-obnarodoval-pravila-raboty-nacionalnoj-sistemy-videomonitoringa/>
14. Hajrullina N. Test dlja nabljudatelej i propavshie mandaty. URL: <https://azh.kz/ru/news/view/73518>
15. Hajrullina N. Bajbek i PCR-test. URL: <https://azh.kz/ru/news/view/73205>
16. Majtanov A. Zachem v Atyrau priezzhal pomoshhnik prezidenta? AqJaiyq URL: <https://azh.kz/ru/news/view/72684>
17. Bergej Ryskaliev i Maks Bokaev popali v otchjot gosdepa SShA. URL: <https://azh.kz/ru/news/view/75559>
18. Jeks-akim Atyrau Alimuhammed Kuttumuratuly stal zamom Nogaeva URL: <https://azh.kz/ru/news/view/80718>
19. Toraiğyrov S. Şakırt oiy. URL: <https://bilim-all.kz/olen/919-SHakirt-oiy>

#### Авторлар туралы мәлімет:

**Ерғалиев Қуаныш Советұлы** – филология ғылымдарының кандидаты, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің профессоры, Павлодар, Қазақстан.

**Ерғалиев Қуаныш Советұлы** – кандидат филологических наук, профессор Павлодарского педагогического университета имени А. Марғулана, Павлодар, Казахстан.

**Yergaliyev Kuanysh Sovetuly** – candidate of philology, Professor of Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan, Pavlodar, Kazakhstan.

**Сарыбаева Баян Жұмашқызы** – филология ғылымдарының кандидаты, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің доценті, Павлодар, Қазақстан.

**Сарыбаева Баян Жумашевна** – кандидат филологических наук, доцент Павлодарского педагогического университета имени А. Марғулана, Павлодар, Казахстан.

**Sarybayeva Bayan Zhumashevna** – candidate of philology, Associate Professor of Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan, Pavlodar, Kazakhstan.

**Уайханова Меруерт Асетқызы** – философия докторы (PhD), Торайғыров университетінің қауымдастырылған профессоры, Павлодар, Қазақстан.

**Уайханова Меруерт Асетовна** – доктор философии (PhD), ассоциированный профессор Торайғыров университета, Павлодар, Қазақстан.

**Meruyert Assetovna Uaikhanova** – doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of Toraiğyrov University, Pavlodar, Kazakhstan.

\*А.Т. КЕМБАЕВА<sup>1</sup> О.С. ЖҰБАЙ<sup>2</sup> М.Н. ЖАКИПОВА<sup>3</sup> Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан<sup>1,2</sup>Алматы технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан<sup>3</sup>(e-mail: [kembaeva\\_ainur@mail.ru](mailto:kembaeva_ainur@mail.ru)<sup>1</sup>, [aim-ornai@mail.ru](mailto:aim-ornai@mail.ru)<sup>2</sup>, [miranur69@mail.ru](mailto:miranur69@mail.ru)<sup>3</sup>)

## ТІЛДІК ТҰЛҒА ДИСКУРСЫНДАҒЫ КОГЕЗИЯ МЕН РЕТРОСПЕКЦИЯ ТӘСІЛДЕРІ

**Аңдатпа.** Зерттеу жұмысында тілдік тұлға дискурсындағы когезия мен ретроспекция тәсілдері және олардың мәтіндегі көрінісі, логикалық, лексикалық, грамматикалық, синтаксистік тұтастық пен байланысқа әсері, оқырманның мәтін мазмұны мен тілдік бірліктердің семантикалық мәнін, автордың түпкі идеясын қабылдауындағы нақтылық мәселесі анықталды. Зерттеуде когезия мен ретроспекция тәсілдерінің көрінісін анықтау мақсатында қаламгер Шерхан Мұртазаның көркем және публицистикалық дискурстары мысалға алынды. Нақты мәтіндердегі аталған тәсілдерді талдау және олардың тұтас мәтін ішіндегі атқаратын қызметтерін тану үшін мысалдарды іріктеу, жинақтау және бақылау, синтездеу, лексикалық анализ, салыстыру әдістері жүзеге асырылды.

Когезия және ретроспекция тәсілдерінің тілдік тұлға дискурсындағы көрінісін дәлелді мысалдарға сай анықтау теориялық тұжырымдардың практикалық тұрғыдағы қолданысын тану, аталған тәсілдердің мәтіндегі жүзеге асу формалары мен грамматикалық бірліктерге жіктелуін саралау, когезия мен ретроспекцияның ұқсас белгілерін және ерекшеліктерін нақты мәтіндер негізінде айқындау, олардың қолданылу жиілігін және ішкі формалары мен бөліністерін тану нәтижелеріне қол жеткізілді.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер жұмыстың теориялық және практикалық маңыздылығын нақтылады. Берілген тақырып аясындағы зерттеулердің теориялық тұжырымдары талданды. Мысалға алынған қаламгер шығармалары мәтіндерінің жасалуындағы когезия мен ретроспекция тәсілдерін бақылау арқылы автордың түпкі ойының мазмұны мен семантикалық реңкі, формасы, мәтін ішіндегі логикалық тұтастығы түрлі тілдік бірліктер ішінен іріктеліп, тілдік тұлға дискурсының толық мәнін ашудағы шешуші рөлі талданды.

**Түйін сөздер:** тілдік тұлға, дискурс, когезия, ретроспекция, коллокация, мәтін, лингвистика.

**Кіріспе.** «Тілдік тұлға» ұғымын алғаш 1930 жылы «Көркем проза туралы» еңбегінде ғалым В.В. Виноградовтың қолданғанын білеміз [1]. Тілдік тұлға – мәтінде тіл арқылы көрініс табатын тұлға, яғни автор болса, оның дискурсы автор жазған мәтін дискурсымен байланысты анықталады. Тілдік тұлға – нақты тіл иесі және ол сол тілді түсінуге қабілетті, сол тілде мәтін тудыра алатын, оны жеткізе алатын тұлға. Тілдік тұлға дискурсында орын алған түрлі әдіс-тәсілдер, астарлы мән, дискурстың мазмұндық және құрылымдық сипаты, стилі мен өзектілігі тілдік тұлғаның тілі мен діліне, ұлттық дүниетанымымен, ұлттық таным-салтымен тығыз бірлікте болады. Тілдік тұлға дискурсы көркем мәтіндер мен өзге де публицистикалық, ғылыми мәтіндерде көрініс табады. Дегенмен тілдік тұлға дискурсын тану және зерттеу үшін көркем мәтінге жүгіну оң нәтижеге жеткізеді. Сондықтан зерттеу

жұмысында қаламгер Шерхан Мұртазаның көркем шығармалары және публицистикалық мәтіндері негізге алынды.

Лингвистикада мәтіндегі авторлық ойды және терең мағынаны интерпретация жасау мақсатында *когезия* термині пайдаланылады. Қазіргі лингвистикада антропоцентризм мен функционалдық бағытта бұл термин дискурсты талдауда қолданылады [2]. Сондай-ақ когезияның тілдік тұлға дискурсындағы ақпаратты анықтамайтынын, керісінше ол мәтіннің ұйымдастырылу сипатын семантикалық біртұтастықта анықтайтынын назарға алған дұрыс.

Аталған талдау тәсілінің қатарында *ретроспекцияны* да қарастырған жөн. Себебі ретроспекция – мәтіннің грамматикалық категориясы, әрі ол мәтінді оқыған оқырман мен мазмұнды, нақты ақпаратты байланыстыратын тілдік өрнек формаларын бірлікте қарастырады. Сондай-ақ ретроспекция, әсіресе, көркем мәтін ішінде өткенге сілтеме жасау, оқырманға кейіпкерлер әрекеттерінің мотивтерін түсіндіруді жүзеге асырады. Демек тілдік тұлға дискурсын когезия мен ретроспекция тәсілдері негізінде талдау авторлық түпкі ойды анықтауға, мәтін мазмұнын толық түсінуге, мәтіндегі ұлттық мәдениет аспектілерін тануға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысында аталған когезия мен ретроспекция тәсілдері арқылы Шерхан Мұртаза шығармашылығындағы тілдік тұлға дискурсының негізгі сипаттамалары анықталды. Сонымен қатар ретроспекциялық тәсіл негізінде тілдік дискурстағы ойдың немесе оқиғаның қайталануы, баяндау тәсілін баяулату нәтижесіндегі мәтінде берілген фактілер мен авторлық идеялардың қайта танылуы секілді аспектілері қаралды. Бұл – қазіргі лингвисттер үшін белсенді зерттеу объектісіне айналып отыр. Тілдік тұлға дискурсындағы когезия мен ретроспекция тәсілдері арқылы мәтіндегі тілдік қолданыстың ерекшелігін анықтауға жол ашылады. Сондықтан Шерхан Мұртаза шығармаларының мәтінін мысалға алып, аталмыш лингвистикалық тәсілдердің қолданысын практикалық тұрғыда дәлелдеу – зерттеу жұмысының практикалық мәнін толықтырады.

Тілдік тұлға, тілдік тұлға дискурсы, когезия және ретроспекция тәсілдері туралы лингвистика саласында зерттеу жұмыстарын жүргізген шетелдік және отандық ғалым-зерттеушілердің теориялық тұжырымдары мен талдаулары зерттеуде аталған мәселенің өзектілігін нақтылайды. Мысалы осы тақырып аясындағы М.Г. Меркулованың [3], Ю.Н. Карауловтың [4], Л.П. Тарнаеваның [5], Ш. Құрманбайұлы мен Ж. Жұмбаеваның [6], Д. Е. Капанова мен Е.Б. Тяжинаның [7], В.Н. Jacob пен В.Р. Jordan-ның [8] зерттеу мақалаларында тілдік тұлға мен дискурс мәселесі, лингвистикадағы когезия мен ретроспекция тәсілдері және оларды көркем шығарма мәтінін талдауда қолдану негіздерін анықтап, ғылыми тұжырымдар жасаған. Мұндай зерттеу жұмыстары берілген зерттеу тақырыбының теориялық маңызын ашуда маңызды рөл атқарады.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Зерттеу жұмысында тілдік тұлға дискурсындағы когезия мен ретроспекция тәсілдерінің қолданылу сипатын анықтау мақсатында нақты мәтінмен жұмыс жасалды. Мысал ретінде жазушы Шерхан Мұртазаның көркем және публицистикалық дискурстары назарға алынып, мәтіндердің нақты тармақтарынан дәлелді мысалдар берілді және талданды. Бұл мақсатты орындау үшін зерттеуде мәтіндерді жинақтау, бақылау, лексикалық және семантикалық анализ, синтездеу, іріктеу әдістері қолданылды. Тілдік тұлға дискурсындағы аталмыш лингвистикалық тәсілдердің қолданылу сипаты мен авторлық мақсат, мәтін мазмұнындағы ұлттық тіл ерекшелігі мен ұлттық әдет, салт-сана, таным, дүниеге көзқарас, этникалық айшықтардың анық байқалуы мәселелерінің дәйекті мазмұны анықталды. Автор мәтіндерінің тақырыптық және стильдік ерекшелігіне сай ондағы когезия мен ретроспекция тәсілдерінің орын алу жиілігі сараланды. Осы бағытта тілдік дискурстағы аталған екі лингвистикалық тәсілдің мәтін мазмұны мен құрылымына, авторлық түпкі идеяға әсерін зерттеу барысында салыстырмалы талдау әдісі жүзеге асырылды.

**Талқылау мен бақылау.** Тілдік дискурстағы когезия тәсілінің көрінісін анықтау үшін лингвистикадағы *когеренттік* ұғымын толық тану маңызды. Тілдік тұлға дискурсындағы

когеренттік – дискурстың бөлімдерін оқырманға автор ойы тұрғысынан барынша түсінікті ету үшін қызмет атқарады, яғни прагматикалық тұрғыда жүзеге асырылады. Мұнда тілдік тұлға дискурсының ішкі, құрылымдық, сондай-ақ сыртқы, прагматикалық байланысы маңызды рөл атқарады. Когезия – әдеби-көркем мәтіннің немесе кез келген мәтіндік және ауызша туындының бүтіндігін, мәтін ішіндегі байланысты білдіреді. Ағылшын тіліндегі когезияны зерттеуге арнаған жұмысында М.А.К. Хэллдеймен Р. Хасанмынадай тұжырымға келген: «Когезия – мәтін аясында жүзеге асатын және оны мәтін ретінде анықтайтын мән элементтері» [9, 109]. Сондай-ақ ғалымдардың зерттеу еңбегінде дискурстың құрылымдық-грамматикалық байланысын анықтайтын тілдік қатынастардың бес түрлі аспектісі қарастырылады. Олар: көрсеткіштік және салыстырмалы анықтама; атау мен етістіктің және предикативті топтың субституциясы, атау мен етістіктің және предикативті топтың эллипсисі; мәтіннің алуан бөліктерінің байланысын, жалпы қатынасты білдіретін мәнделс сөздер мен өзге де коннекторлар; сонымен қатар, іргелес тармақтардағы лексикалық бірліктерді қайталау негізінде қол жеткізілетін лексикалық когезияның өзі бір сөзді немесе бастапқы сөздің лексикалық баламасын, жаңа ұғымдары қайталау, коллокация және т.б. аспектіде жүзеге асады [9, 109]. Демек тілдік тұлға дискурсындағы когезияның қатынасы екі немесе одан да көп мәтін элементтерінің құрылымнан тыс өзара байланыста көрінеді. Тілдік тұлға дискурсындағы когезия тәсілінің көрінісін анықтау үшін туындыгер Шерхан Мұртазаның көркем және публицистикалық мәтіндеріндегі нақты мысалдарға назар аударсақ. Қаламгер шығармаларынан лексикалық когезияның екі түрін де жиі кездестіреміз. Тілдік тұлға дискурсында көрініс табатын лексикалық когезия тілдің лексикалық жүйесін қолданады. Яғни лексикалық деңгейде біз мәтіннің құрылуын және мазмұндылығын лексикалық деңгейде бақылай аламыз. Тілдік тұлға дискурсында, әсіресе, лексикалық, морфологиялық қайталау түрлері жиі кездеседі. Сондай-ақ мәтіннің лексикалық ұйымдастырылуында қыстырма, қаратпа сөздердің, одағайдың, жалғаспалы байланыс, сұрау шылауларының, сілтеу, сұрау есімдіктерінің, т.б. орын алуы, екі сөйлем арасындағы байланыста, екіншісінің бірінші сөйлем мазмұнына икемделуі секілді түрлі когезиялық тәсілге тән көріністерді аңғарамыз. Демек, когезия тәсілі арқылы құрылған тілдік тұлға дискурсының формалды-грамматикалық, логикалық байланысын, мәтін элементтерінің грамматикалық байланысын анықтаймыз.

Шерхан Мұртазаның «Айқайлап айтқан сөз» шығармасындағы: «О, айтағын ой мол», «Е, неге?», «Ей, бейкүнә ұрпағым!», «...о, шіркін, қанша қаржы үнемделер еді, ә!» [10, 46] деген тармақтардағы одағайлардың қолданылуы мәтін ішіндегі логикалық байланысты білдіріп тұр. Тілдік тұлға дискурсында мұндай когезия тәсілінің жүзеге асуы байланыстың логикалық сипатын ашуымен қатар, автор ойының эмоциялық мәнін де ашық аңғартады. «Қаңтарулы қазанат» атты естелік-эссесіндегі: *...біздің пайымдауда, жазушы бұл белгілі мақалдарды блокнотқа бекер түсірмеген; ...менің байқауымша, сұлу әйелді ит қаппайды* [10, 64] тармақтардағы қыстырма сөздер мәтін аясында жүзеге асатын оқиғалар мен автордың пікірінің байланысын білдіреді және қозғалған түпкі идеяны алға тарту, оған автор тұрғысынан, мәтін ішілік кейіпкер ойы тұрғысынан әрекет жасауды көрсетеді. Бұл мәтін ішіндегі грамматикалық байланысты ғана емес, сөйлемдер арасындағы логикалық тізбекті байланысты да сақтап тұрған элементтер саналады.

Когезия тәсілінің белсенді қолданысын қаламгердің көркем шығармаларынан жиі кездестіруге болады. Мысалы когезия тәсілінде қолданылатын мәтін ішіндегі элементтердің, логикалық байланыстың негізін құрайтын, байланыстың формалды-логикалық түрі ретінде қарастырылатын қаратпа элементтер жиынтығын көп кездестіреміз. Ол, әсіресе, кейіпкерлер диалогында белсенді көрініс табады. Шерхан Мұртазаның «Сол бір күз» әңгімесіндегі: *Иә, жігіт, – деді судай қазақша..; Ағатай, қамытты қайтып бер; Арба тоқтап қалады, ағатай!* [11, 5], «Айырбас» әңгімесіндегі: *Айша-ау, мен келгенше Майлыаяққа жуынды беріп тұр; Пстой, киргизенок!; Бала, кітапқа айырбастайсың ба?; Е, шырақ, Боранды базарды көшіріп келе жатқандай ендігесің ғой..; Сабының екеу-ақ қой-ей, Барсхан?; Не болды, байгүс-ау?* [11, 9] деген тармақтардағы қаратпа сөздер мәтін ішіндегі оқиға

мазмұнын ғана емес, тілдік тұлға дискурсындағы логикалық байланысты грамматикалық форма негізінде құрып тұрғаны байқалады. Автор кейіпкерлер диалогын тілдік қарым-қатынастың дискурстық формасы ретінде ұсынып тұр. Демек ондағы логикалық байланыс, әрине, кейіпкерлер арасындағы диалог мазмұнының өзара формалық және грамматикалық байланысына, мәтін элементтерінің біртұтастығына сай жүзеге асқан.

«Ұзақ командировка» әңгімесінде автордың тілдік қолданысындағы сұраулық шылаулары мен сұрау және сілтеу есімдіктері, жалғаспалы байланыс шылаулары сөйлемдер арасындағы colloкацияны, мәтін ішілік байланысты біріздендіріп тұр. Мәтін элементтерінің грамматикалық байланысы аталмыш элементтер негізінде анықталады. Мысалы: *Соны растағандай..; ...әлгі басты әрең көтеріп; ...ықыластана күледі де, ..; ...соны да түсінбейсің бе?; ...отырған баладан айналып кетпейсің бе; ...салмақтап көрді де, өзіме қайтарып берді; ...қарыса ма жағың сенің?; Нұрлан, сен білмеуші ме едің..; Солай ма, мама?; Қытығың келе ме сенің?* [11, 33] секілді мәтін ішіндегі автор ойының мазмұндық байланысын бір жүйеге топтастырып, оның грамматикалық жігін құрап тұр. Мұндай бірліктер мәтін ішіндегі сөйлемдердің өзара байланысын, бір ойдың екінші оймен жалғасуын, автордың дискурсындағы эмоциясы мен ішкі ойын анықтайды. Когезияға тән аталмыш грамматикалық бірізділік пен аталған тәсілдерсіз тілдік тұлға дискурсының біртұтас мазмұны құралмайтынын да ескергеніміз дұрыс. Яғни тілдік тұлға дискурсындағы когезия тәсілінің атқаратын қызметі орасан зор. Мәтінде қолданылатын түрлі фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік бірліктердің реттілігі, автор ойын ашудағы, тұтас мазмұнды жеткізудегі қызметі, әуелгі компонент пен кейінгі компоненттердің логикалық байланысын сақтап тұруы – когезиялық тәсілдің басты қағидасы.

Когезия тәсілінде орын алатын аталмыш элементтік бірліктер қолданысымен қатар тілдік тұлға дискурсындағы лексикалық когезияның орны да ерекше екені анық. Себебі көркем шығармадағы логикалық қайталаулар мен мәтін бірліктерінің өзара мән-мазмұндық байланысы осы лексикалық когезия тәсілінің еншісінде.

Шерхан Мұртазаның «Айға шағылған найза» шығармасындағы мына тармақтарға назар аударсақ: *...бақытқа орай аман-есен елге қайтты көкірегі жырға толып қайтты* [10, 24] немесе *айрықша мән беріп, ден қойғандығында* [10, 24] деген жолдардағы когезияға тән сөзді және сөздің лексикалық баламасын қайталау амал қолданылып тұрғанын байқаймыз. Демек тілдік тұлға дискурсында берілген ойдың растығын дәлелдеу мақсатында және оқырманның да ол фактіге сенуі үшін автор бірінші сөйлемдегі пікірді кейінгі сөйлемде растай отырып, айтылған ойдың байланысын көрсетіп тұр. Ал екінші мысалдағы *мән беріп, ден қойғандығында* деген лексикалық бірліктердің баламаларының қайталануы лексикалық когезиядағы colloкация формасын білдіріп тұр. Себебі мұндағы сөз тіркестерінің синтаксистік және семантикалық бірлігі бірінші компоненттегі мазмұнның екінші компонентке әсерін көрсетеді. Яғни автор қолданған екінші сөз тіркесі біріншісінің мәніне сай таңдалып тұр. Бұл әдіс ойды бекіту мақсатын жүзеге асырып тұр.

Қаламгердің «Нөсер» шығармасындағы: *Самолет таңғы бесте ұшады. Аэропортқа самолет ұшардан бір сағат бұрын жету керек* Бұл үшін *түнгі үште* ұйқыдан тұрып, жолға шықпаса болмайды. *Түнгі үште аэропортқа экспресстен* басқа көлік жүрмейді. *Экспресстен қалып қоймау керек»* немесе *«...жол жүретіні есіне сап ете қалып, сағатқа* қарады. *...кішкентай қоңыраулы сағаттың* фосфорлы жасыл тілі..; *Бұл жылдың бір күнінен бір күні жақсы еді. Ал енді осылардың бәрінен ерекше бір күннің жақындап қалғанын сезді..; сондай-ақ ...көшелер жап-жарық. ...Көшенің ұзына бойына тізілген светофорлар* *Көше бойы біресе жап-жасыл моншақ тағынады..; светофорлар* қалғып кетпей, қалтқысыз жұмыс істеп тұр. *арықты қуалай аққан салқын су светофорға бағынбайды* [11, 36] деп берілген мәтін ішіндегі логикалық байланыс бірінші сөйлем компонентіндегі лексикалық бірліктің екіншісінде сол қалпында қайталануы арқылы бір ойдың толық мәтін барысында жалғасып жатқанын, автор ойының тізбегін білдіріп, бірінші сөйлемнің екіншісіне мағыналық әсерін анықтап тұр. Әр мысалдағы екінші және үшінші компонентте қайталанған бірліктер бірінші сөйлем мәніне тәуелді және оны толықтыру, дискурсты дамыту мақсатында

қолданылған. Алғашқы компоненттегі лексикалық бірлік кейінгілерінде қосымша мазмұндық реңкке ие болып, мәтін сюжетін бағыттауға қатысып тұр. Демек берілген мысал негізінде тілдік тұлға дискурсындағы когезия тәсілінің мәтін ішіндегі элементтердің логикалық байланысын жүзеге асыру қызметіне нақты дәлел болатынын тұжырымдай аламыз. Бұл тілдік тұлға дискурсының құрылымдық және логикалық байланысын, семантикалық ұйымдастырылуын қамтамасыз етуімен қатар, көркем шығарма мәтінінің көркем-эстетикалық мәнін де арттыруға үлес қосатынын түсіндіреді.

Тілдік тұлға дискурсында лексикалық когезияның екінші түрі – коллокацияның да орын алатынын атап өттік. Коллокация – семантикалық және синтаксистік тұрғыда біртұтас бірлікті құрайтын тұрақты сөз тіркесі. Яғни мәтінде аталмыш бірліктердің қолданылуы когезия тәсілінің тағы бір сипатынан көрініс береді. Шерхан Мұртаза шығармаларының мәтінінде коллокацияның ауыстырылмайтын және өзгермейтін түрлері, метафоралар мен тұрақты тіркеске тән элементтер жиі қолданылады. Бұл мәтін ішіндегі сөйлемдердің семантикалық байланысын сақтауға мүмкіндік береді. Мысалы қаламгердің «Шыршаның жыры» шығармасындағы: *балапан шыршақай, моншақ тамшылар, інжу-маржан тамшылар, кішкентай әнші, теңбіл барыс, ақ жамылған қарақшылар, жансыз қояндар, ыстық үй, сұр бетон* [11, 67], т.б. сөз тіркестеріндегі лексикалық когезия тәсілі нақты мәтін ішіндегі автор берген семантикалық және синтаксистік мән-мағына негізінде қолданылып тұр. Мұндай коллокациялардың компоненттерін ауыстыруға немесе өзгертуге болмайды. Себебі олар нақты берілген мәтін семантикасына сай жасалған. Мысалы аталған мысалдағы сөз тіркестері шығарманың мазмұнын қамтитын семантикалық бірліктер ретінде мәтіннің тұтас логикалық мәнін ашуда қызмет атқарып тұр.

Тілдік тұлға дискурсында когезиямен қатар ретроспекция тәсілі де грамматикалық категорияға жатады. Бірақ ретроспекцияның когезиядан ерекшелігі – оның оқырманды нақты ақпаратпен байланыстыратын өрнек формаларын біріктіретінінде. Бұл тәсіл, әсіресе, көркем шығарма мәтіндерінде жиі қолданылады. Себебі ретроспекция тәсілі объективті және субъективті тұрғыда мақсатты түрде екі негізде жүзеге асады. Бірі – тілдік тұлға дискурста оқырманды арнайы әуелі оқылып қойған мәтінге немесе оқиғаға қайтарады, яғни қазіргі сәтте орын алып жатқан немесе мәтін ішінде жүзеге асып жатқан ақпаратты, сюжетті, автор ойын толық қабылдау үшін оқырманды өткенге қайтару тәсілі. Бұл көркем шығармадағы уақыт пен кеңістік категорияларын тануға да мүмкіндік береді. Негізгі авторлық іс-әрекет те сол уақыт пен кеңістік категориялары арқылы жүзеге асады. Екіншісі – оқырман мәтіндегі әрекеттер мен сипаттауларға, санасында сақталып қалған, оқылып қойған мәтін бөліктеріне ерікті түрде қайта оралады. Бұл да тілдік тұлға дискурсын терең түсінуге бағыттайтын тәсіл. Әрі оқырман осы тәсіл негізінде кейіпкерлердің әрекеттері мен мәтін ішіндегі мінез-құлықтарының мотивтерін, осы сәтте баяндалып жатқан іс-қимылдардың мотивтерін түсінуге мүмкіндік алады.

Шерхан Мұртазаның «Бабаның оралуы» атты шығармасында ретроспекция тәсілінің көрінісі айқын байқалады. Автор осы уақытта орын алып жатқан іс-әрекеттерді баяндай отырып, оқиғаның неден басталғанына, кейіпкерлердің өткен өміріне, кейбір әрекеттердің жүзеге асуына түрткі болған мотивтеріне қайта оралып, оқырманға мәтін идеясын толық түсіндіруге тырысады. Мұндай ретроспекциялық тәсіл шегіністерін мына мысалдардан көреміз: «...қаладан келген байкесі бір колхозды асырайтындай сыбаға алып, сықиып жүрген кезі еді», «Ата-бабаларымыз баяғы-баяғы, бағзы заманда айтып кеткен...», «Адам баласы, жан-жануар, түрлі тіршілік иесі о басында топырақтан жаралған» [11, 113] немесе «Қияметтен оралған» атты публицистикалық дискурсындағы: «Содан бері де жиырма жылға жуықтап қалыпты. 1978 жылы делегация құрамында Монғолстанға бардым. Ұлан-батордан ұшаққа мініп Хобда аймағына жеттік», «Содан әйтеуір түрмеден қашып шығып, Алтай тауынан асады ғой» [10, 113]. Берілген мысалдардағы ретроспекция тәсілі екі түрлі сипатта қолданылып тұр. Бірінші – көркем мәтін мазмұнында автор осы сәттегі оқиғаны баяндай отырып, оның ішіндегі әрекеттердің логикалық байланысын өткен шақ оқиғаларымен байланыстырып, оқырманды еріксіз өткен жылдарға, ғасырларға, дүниенің пайда болу кезеңіне дейін ойша

қайтарады. Бұл тәсіл арқылы мәтіндегі түпкі автор ойын түсіндіру мақсаты жүзеге асып тұр. Ал екінші публицистикалық мәтін мазмұнында баяндалып отырған ақпарат осы сәтте жүзеге асқанымен, негізгі мотив өткен шақта орын алған нақты оқиғаға байланысты туындағанын түсіндіреді. Мұндағы автор оқырманды мәтін арқылы мақсатты түрде өткен оқиғаларға қайтармайды, керісінше оқырман шығарма мәтінінің бастапқы мазмұнынан бастап ерікті түрде шегініс жасайды. Себебі тілдік тұлға дискурсын түсінуде оқырманға оңтайлы әдіс – осы.

Тілдік тұлға дискурсындағы ретроспекция тәсілі алуан түрлі сипатта жүзеге асады. Мысалы автордың мәтін ішіндегі баяндау желісін тежеуі, жоғарыда атап өткен ой қайталаулары, баяндау кезіндегі үзілістер. Демек автор бұл тәсіл арқылы оқырманды қызықтырады, өткен шақтағы оқиғаға бүгінгі көзқарас тұрғысында баға беруге мүмкіндік береді. Ретроспекция тәсілінің когезиямен тұспа-тұс келетін ұқсастығы – мәтіндегі жеке сөздер мен сөз тіркестерінің қайталануы. Бірақ мұндағы қайталаудың баяндау уақытына және оның өзгеруіне қатысты жүзеге асатынын ескергеніміз дұрыс. Мысалы автордың «Бұлтсыз күнгі найзағай» шығармасындағы: «Есік сарт-сұрт *ашылып, жабылады*. Әрбір *ашып-жапқан* сайын кішігірім бомба жарылғандай ақ бу бұрқ-бұрқ ете қалады», «Біздің ауыл таудың *шатқалында еді...* Күн кеш шығып, ерте *батұшы еді*» [11, 202] тармақтарындағы нақты қайталаулар мен баламалы қайталаулар оқырманды оқиға іске асып жатқан өткен шаққа және сол есікке, үйге, ауылға, тауға ойша жетелейді. Мұндағы қайталаулардың мақсаты – өткен шақ туралы айтылған ойға оралту үшін баяндауды уақытша үзу, бір ойды оқырманға түрлі сипатта бірнеше рет ұсыну.

Сонымен қатар ретроспекциядағы өткенге оралу амалы нақты авторлық ой тізбектерімен емес (шығарма ішіндегі бұрын, өткен заманда, баяғыда, осындай жылдың мына айында деген нақты сөйлемдерсіз), жеке сөз, сөз тіркестері арқылы да өткен шаққа сілтеме жасай алады. Мысалы қаламгердің «Белгісіз солдаттың баласы» шығармасындағы: *...осы бір ойнаған сағым шалынбай да қалмайды; ...бұрын ақ соры шығып жататын шұқырлар; балалық шақты, бойжеткен қыздың дәуірін* бастан кешкен өзі емес.; *...енді оның бәрі баяғыда көрген түс сияқты; сонау бір ақсүйек ойнаған айлы түн; жиырма жыл бойы жылжымай бір қалыпта бейқам тоқшылықпен өткен өміріне..;* *...өмірі дәрігер атаулы шығып көрген емес; тұлпарды құрметтеген ел* [11, 259] тармақтардағы жеке сөз, сөз тіркестері мен *-ген-* формалы өткен шақ есімшесінің өзі өткеннен хабар беріп тұр. Демек автор мәтін ішіндегі ойды тереңдету мақсатында немесе оқиғаның өткенмен байланысын түсіндіру мақсатында өз баяндауын осындай тілдік бірліктермен бәсеңдетіп, уақытша үзіп, оқырманның өткенге көз жүгіртуіне тиімді форма ұсынады. Бұл ретроспекция тәсілінің тілдік тұлға дискурсындағы атқаратын маңызды қызметі.

Тілдік тұлға дискурсындағы когезия мен ретроспекция тәсілдері өзара ұқсас және айрықша формада көрініс табатынына көз жеткіздік. Лингвистикадағы аталмыш екі тәсіл мәтіннің логикалық, формалық-грамматикалық, лексикалық байланысын автор баяндауына сай біртұтастықта сақтап, мәтінді толық түсінуге жағдай жасайтынын түсіндік. Когезия мен ретроспекция көркем мәтінді тілдік тұрғыда талдау кезінде нақты байқалатын белсенді тәсілдер. Қаламгердің көркем және публицистикалық дискурстарындағы когезия мен ретроспекция тәсілдерін зерттеу барысында автордың тілдік ерекшелігімен танысып қана қоймай, мәтіндердің грамматикалық, лексикалық, синтаксистік байланысын, ішкі бірліктерінің тұтастығын және мәтін мазмұнын, идеясын оқырманға жеткізуде атқарылатын тілдік әрекеттердің маңыздылығын теориялық және тәжірибелік тұрғыда таныдық.

**Нәтижелер.** Зерттеу жұмысында тілдік тұлға дискурсындағы когезия және ретроспекция тәсілдерін анықтау мақсатын қаламгер Шерхан Мұртазаның көркем және публицистикалық дискурстары негізінде жүзеге асыру арқылы мынадай нәтижелерге қол жеткізді:

- тілдік тұлға дискурсындағы когезия және ретроспекция тәсілдерін анықтау үшін осы тақырып аясындағы ғалым-зерттеушілердің тұжырымдары назарға алынып, зерттеу

жұмысы барысында аталған екі лингвистикалық тәсілдің теориялық тұжырымдары дәлелденді;

- когезия мен ретроспекция тәсілдері қаламгер Шерхан Мұртазаның көркем және публицистикалық дискурстары негізінде нақты мәтін, сөйлем, сөз тіркесі, сөз, грамматикалық бірліктер арқылы талданды;

- тілдік тұлға дискурсындағы когезия мен ретроспекция тәсілдерінің өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтары мәтін мысалында анықталды;

- нақты мәтіндерді жинақтау және бақылау, іріктеу және лексикалық анализ, т.б. әдістер арқылы когезия мен ретроспекцияның түрлі мәтіндерде қолданылу сипаты сараланды;

- когезия мен ретроспекция тәсілдері арқылы жүзеге асатын мәтін ішіндегі логикалық, лексикалық, семантикалық, грамматикалық байланыс түрлері анықталды және олардың жасалу жолы түсіндірілді;

- зерттеу жұмысы барысында когезия мен ретроспекция тәсілдерінің ішкі бөліністері анықталып, олардың практикалық қолданыстағы мысалдары берілді.

**Қорытынды.** Зерттеу жұмысында когезия мен ретроспекция тәсілдерінің лингвистикалық әрі көркемдік тәсілдері екенін ескере отырып, тілдік тұлға дискурсының мазмұны мен құрылымының жасалуында жүзеге асатын ұтымды және қажетті элементтер екеніне көз жеткіздік. Себебі автордың басты мақсаттарының бірегейі – оқырманға мәтінді түсінікті жеткізу болса, мәтіннің тұтас формасы мен мәні аталмыш екі тәсілге орай жүзеге аспақ. Оған біз зерттеу жұмысындағы Шерхан Мұртазаның көркем және публицистикалық дискурстарынан іріктеп алынған нақты мысалдар тізбегі дәлел болды. Когезия мен ретроспекция тәсілдерінің тілдік тұлға дискурсындағы рөлі мен мәтін ішіндегі тұтастық, логикалық және формалық-грамматикалық, т.б. байланысты орнату қызметі – олардың белсенді лингвистикалық тәсілдер екенін нақтылады. Демек зерттеу жұмысының тақырыбы, оның ғылыми объектісі бүгінгі тіл білімі саласында әлі де зерттеуді талап ететін маңызды мәселе екенін растайды. Мұндай лингвистикалық тәсілдерге анализ жасау және олардың мәтіндерде көрініс табуын зерттеу тілдік тұлға дискурсын толық түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысында назарға алынған теориялық тұжырымдар мен нақты мәтіндерді талдау мысалдары тіл білімі саласындағы зерттеулер үшін мәнді ғылыми дерек болмақ.

## Әдебиеттер

1. Виноградов В.В. О художественной прозе. – Л.: Госиздат, 1930. – 186 с.
2. Cutting J. Pragmatics and Discourse. – London; N. Y.: Routledge, 2002. – 200 p.
3. Меркулова М.Г. Ретроспекция в английской «новой драме» конца XIX – начала XX века: истоки и функционирование: монография. – М.: Прометей, 2005. – 184 с.
4. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М.: Наука, 1987. – 56 с.
5. Тарнаева Л.П. Языковая личность как междисциплинарный предмет исследования // Сибирский педагогический журнал: Научно-практическое издание. № 9. – 2008. – С. 124-132.
6. Құрманбайұлы Ш., Жұмабаева Ж. Тілдік тұлғаны қалыптастырудағы мәтіннің рөлі // Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. № 1(134). – 2021. – Б. 70-75. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2021-134-1-70-75>
7. Капанова Д. Е., Тяжина Е.Б. Көркем шығармадағы жалқы есімдердің семантикасы // ПМУ Хабаршысы. Филология сериясы. №3. – 2017. – Б. 96-103.
8. Jacob V.H., Jordan B.P. Personality and language use in self-narratives // Journal of Research in Personality, 2009, Vol. 43, Is. 3, – P. 524-527. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.jrp.2009.01.006>
9. Halliday M.A.K., Hasan R. Cohesion in English Text. / M.A.K. Halliday, R. Hasan. – London: Longman Group LTD, 1976. – 374 p.
10. Мұртаза Ш. Ақындар мен әкімдер. Мақалалар, эсселер, публицистикалық толғамдар. (Құраст. Қ. Назырбаев). – Астана: Елорда, 2002. – 808 б.
11. Мұртаза Ш. Мыңбұлақ. Әңгімелер мен хикаяттар. – Алматы: Жазушы, 2007. – 320 б.



**А.Т. КЕМБАЕВА, О.С. ЖУБАЙ**

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

**М.Н. ЖАКИПОВА**

Алматинский технологический университет, Алматы, Казахстан

### **СПОСОБЫ КОГЕЗИИ И РЕТРОСПЕКЦИИ В ДИСКУРСЕ ЯЗЫКОВОЙ ЛИЧНОСТИ**

**Аннотация.** В исследовательской работе выявлены подходы когезии и ретроспекции в дискурсе языковой личности и их отражение в тексте, влияние на логическую, лексическую, грамматическую, синтаксическую целостность и коммуникацию, проблема конкретности в восприятии читателем смыслового значения содержания текста и языковых единиц, конечной идеи автора. С целью определения появления методов сплоченности и ретроспекции в качестве примера в исследовании были взяты литературно-публицистические дискурсы писателя Шерхана Муртазы. Для анализа этих методов в конкретных текстах и распознавания их функций в целом тексте были реализованы методы отбора, сбора и контроля, синтеза, лексического анализа и сравнения примеров.

Выявление проявления подходов когезии и ретроспекции в дискурсе языковой личности на доказательных примерах достигнуты результаты признания практического применения теоретических выводов, дифференциации данных подходов на формы реализации и грамматические единицы в тексте, определения сходных признаков и особенностей когезии и ретроспекции на основе конкретных текстов, распознавания частоты их применения и внутренних форм и подразделений.

Полученные в ходе исследования результаты прояснили теоретическую и практическую значимость работы. Проанализированы теоретические выводы исследований в рамках данной темы. Путем наблюдения за подходами когезии и ретроспекции в создании текстов произведений писателя, взятых на пример, были отобраны из различных языковых единиц содержание и смысловой тон, форма, логическая целостность конечной мысли автора, проанализирована решающая роль дискурса языковой личности в раскрытии всей сущности.

**Ключевые слова:** языковая личность, дискурс, когезия, ретроспекция, коллокация, текст, лингвистика.

**A.T. KEMBAYEVA, O.S. ZHUBAI**

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

**M.N. ZHAKIPOVA**

Almaty technological university, Almaty, Kazakhstan

### **MODES OF COGESIS AND RETROSPECTION IN DISCOURSE OF LINGUISTIC PERSONALITY**

Шығармада автор клиникалық өлімді бастан кешетіндіктен, белгілі уақыт аралығында ғана жаны саяхаттай алады. Кейіпкер қайта өз бөлмесіне қайтып келеді, бұнда да тылсым оқиға орын алады, суреттегі Абылай хан тіріліп, жазушыға өз тәніне қайт деген бұйрық береді. Тура 17 минут өткен. Бұдан бір-екі минутқа кешіксе, жаны келмеске кетер еді. Осы сияқты оқиғаларды зерттеген американдық ғалым Раймонд Моудидің «Өлімнен кейінгі өмір» атты кітабында адамзаттың ажал туралы түсінігіне үлкен соққы бергені анық. Сол зерттеу еңбегінде ажалдың аузында жатқан адам жанының саяхаттары сипатталады, өлімнен кейінгі өмірдің бар екенін де дәлелдегендей болды. Науқастар 14-15 минутқа ғана өлі күйінде болса да, сол уақытты 2-3 сағаттай сезеді. М.Мағауиннің шығармасында да сол деталь байқалады: «Енді айрылысар сәт туды. Кетуім керек. Тым көп аялдадым. Бәлкім, екі сағат. Бәлкім, үш сағат... Оның қасында, жер төсектің бас жағы, кілем үстінде жатқан, күміс баулы қалта сағатқа – бетіне Абайдың суреті салынған, «150 жыл» деген жазуы бар, мерекелік қалта сағатқа көзім түсті. Түнгі екіден жиырма тоғыз минут кетіпті. Мана, мен алғаш көргенде ... екі де он бес болатын. Сонда ... мен өлгеннен бері он төрт минут өткені. Қуанып кеттім. Жүріс шұғыл, ана жаққа да, мына жаққа да барыс, қайтыс жедел болды. Өлі үш минутым бар. Жаңа өлшемде өте көп уақыт» [9, 229]. Демек мұндағы өлімнің уақыт және кеңістік деген категорияларға әсер еткенін байқаймыз және соған тоқталып өтеміз. М. Мағауин өз шығармасында уақыт және кеңістікті ұтымды қолданып тұр, мұндағы үй, атамекен, Чехия кеңістік рөлін атқарса, түн, минут уақыт қызметінде тұр, кеңістіктегі саяхат арқылы жазушы бір шешімге келеді, бәрін ой елегінен өткізеді, Бахтин бойынша, түн – «мистериялық уақыт» пен оқиға болып жатқан кеңістік, яғни үй «табалдырық хронотопы» [14, 238] қызметін атқарады, өйткені барлық оқиға осы жерден бастау алды, жазушы табалдырықты аттаған сәттен-ақ өлім мен өмірдің шекарасынан өтіп, басқа бір параллель уақыт пен кеңістікке жол тартты. Біздің ойымызша, қаламгер бұл шығарма арқылы бір жағы адам маңдайына жазғаннан құтыла алмайды, дәм-тұзы таусылған уақытта ажал құшатынын айтқысы келсе, екінші жағынан әрбір жанның өзінің өмірлік миссиясы бар екенін және сол миссия орындалмай адам мәңгілік сапарға аттанбайтынын айтпақ болған.

Біз білетініміздей, сюжет – синтагматикалық ұғым [15, 378]. Демек уақытқа тікелей тәуелді. Сондықтан уақыттың циклдік және сызықтық типіне сәйкес келетін оқиғалардың екі типологиялық формасымен тікелей ұшырасамыз. Мәселен белгілі кейіпкердің өлімі сызықтық сюжетті тоқтатып, автордың оқшау эпизодтарды, лирикалық шегініс

немесе басқа сызықтық емес әңгімелеу әдістерін қолдануға мәжбүр етуі мүмкін немесе өлімнің өзі сюжеттің негізгі элементі, терең мағыналарды ашатын және шығарманы кульминацияға алып келетін әрекет қозғалтқышы бола алады. Осындай амал-тәсілді М. Мағауин «Травеннің әңгімесі» шығармасында пайдаланады. Бұл туынды аса бір үрей туғызбаса да, ажалдан қашып құтыла алмайтынымызды білдіреді. Мұнда жазушы қыстырынды оқиға қосады, шығарма о бастан Травен туралы емес, жазушының өзі туралы еді. «Ал мынау - тауық. Тұтас салдым. ...Сонда түгел жеп ал » [9, 91], - деген әйелінің сөзінен кейін жазушының есіне Травеннің әңгімесі түседі. Бұл әңгімеде ажал арып ашыған кемпір түрінде, жазушының сипаттамасына сүйенсек, жезтырнаққа ұқсас образда пайда болып, кедейге келеді. Кейіпкерге әйелі тура осындай тұтас тауықты пісіріп береді, сол кедейдің арманы осы тауықты бір өзі жеп қою еді. Бір нұсқасында кемпір бейнесіндегі ажал тауықты толық жеп қояды да, кедейге бай өмір сыйлайды, бірақ соңында бәрібір ажалмен ұшырасады, екіншісінде шал үйіне қайтпайды. Бір қызығы осындай қорқынышты кемпір жазушының сапарында кездеседі. Ол былай сипатталады: «Басы жалбыр, шашы білте-білте, мұрны қолағаштай ұзын, иегі үшкіл, аузы үлкең, ерні қып-қызыл, ал шүңірек көздері оттай жайнайды. ... Кім біледі, жын ба, шайтан ба» [9, 93]. Бұл үзінді арқылы бір тылсыммен бетпе-бет келгендігін айтып тұр, тіпті ол тылсым одан тауықты сұрамады, беруін бұйырды, жазушы өз еркінен тыс тауығын бөліп береді, таңға жақындаған уақытта тылсым ғайып болады, одан кейін жазушыны ішкі ойлар мазалады. Келесі бір сапарында да сондай жезтырнақ кезігеді, бірақ бұл жолы жазушы тауықты тұтастай жеуді мақсат тұтты және өз дегенін істеді. Бұл шығармадағы «тұтас тауық» бір жағынан адамның арманына беріктігінің белгісі болса, бір жағынан ашкөздігінің символы. Қаламгердің бұл туындысында кездесетін мифологиялық элементтер туындының мәнін ашып тұрса, бір жағы үрей туғызатын кемпір арқылы «ажал» образын заттандырып тұр, жазушы бұл тұста «неомифтік» [16, 16] элементті пайдаланған.

**Нәтижелер.** Біздің білетініміздей, әр ұлт өлімді әрқилы образда елестеді, ежелгі грек мифологиясында жер астынан келетін Танатос, Харон, славян халықтарында өлім-періштесі болмаса Архангел, түркі халықтарында әзірейіл, Еуропа халықтарында қолында орағы бар бетінде еш эмоциясы жоқ жаңдарал немесе Люцифер кейінде беріледі, мұны біз өлімді «тұлғаландыру» (персонификация) [17, 38] деп атаймыз. Сондай-ақ, бұндағы өлімнің варианттылығы (кедейдің өлімі) кездеседі, сонымен қатар, бәріміздің ғайыптан пайда болған, бірақ ешкім көрмеген «кемпірден», яғни өлімнен қашып құтыла алмайтынымызды білдіреді.

Жазушының әрбір туындысында өлім элементі кездеседі, мәселен «Қос ағаш» шығармасында адамның өлімі емес ағаштың «өлімі» сипатталады. Қаламгер адамдардың, оның ішінде қазақтардың ашкөздігінің, пайдақұмарлығының және тарихын ұмытқандығының, өз тамырына балта шапқандығының символы ретінде ағаштың өртенуін, мәңгілік «өлім» құшқанын алып отыр.

Сонымен қатар, М. Мағауиннің «Әйел махаббаты» туындысын атап өтуіміз қажет. Бұл шығарма арқылы махаббатың қадірін кеш түсінетініміз, қолда бар да алтынның қадірі жоқ екендігін түсінеміз, сондай-ақ, туынды қоғамдағы үлкен тақырыпты қозғайды. Мұндағы кейіпкерлер ахтетиптік рөлдерде ойнайды, яғни автор Зия арқылы адамның санасы мен махаббаты арасындағы ішкі тартысты көрсетсе, жындыханада өлім құшқан Төлеген сияқты трагедиялық кейіпкерді сомдау арқылы шығармашылық пен махаббат арасында таласқа түскен тағдырды бейнелесе, Арыстанды реалист адам ретінде сипаттап, махаббаты тұрақтылыққа айырбастаған кейіпкер ретінде суреттейді. Жазушы адамдардың естеліктеріне лирикалық шегініс жасау арқылы өткенге сағынышты оятып, шығарманың драматизмін ұлғайта түскен.

**Қорытынды.** Зерттеу барысында ең бірінші танапэтиканың мән-жайын ашып көрсетуге тырыстық. А. Ханзен-Леве, Р.Л. Красильников, М. Бахтин, Г. Балтабаева сияқты ғалымдардың іргелі еңбектеріне сүйене отырып, М.Мағауин прозасының танатопэтикасына, туындыларындағы танатологиялық мотивтердің қолданысына баса



назар аударылды. Жазушының «Қыпшақ аруы», «Өлі мен тірі», «Елес», «Ақыр-дүние», «Оралу», «Қуыршақ», «Травеннің әңгімесі», «Қос ағаш», «Әйел махаббаты» шығармалары жан-жақты талданып, біршама ерекшеліктері анықталды.

Ең бірінші талданған «Өлі мен тірі» шығармасында жазушы қазақ танымындағы аруақтың жақындарын қорғап-қолдайтынын байқасақ, одан кейінгі «Қыпшақ аруы» туындысында мифтік сюжет пен фантастикалық хронотопты қолданғанын, «Елес» атты туындысының негізгі идеясы ретінде адам жанының күйзеліске түсуін қарастырса, мұнда да «аруақ» пен «елес» негізгі деталь қызметін атқарып тұр. «Ақыр-дүние» аты триптихында үш түрлі оқиға арқылы оқырманды бір ойға ұштастырғанын байқадық, қаншалықты халыққа белгілі азамат болса, ақыр соңында ажал құшатыны ақиқат. Автор «Оралу» шығармасында табалдырық хронотопы қолданған және негізгі идея ретінде адамның дәм-тұзы таусылған уақыт та ғана ажал құшатынын айтпақ болған. «Қуыршақ» пен «Травеннің әңгімесі» туындыларында мистикалық сюжет пен мифологиялық элементтерді пайдалану арқылы шығармадағы танатологиялық мотивтің мақсаты мен міндеті айқындалды және екі әңгімедегі өлімнің тұлғаланғанын, яғни образ қалыптастырғанын байқай аламыз. Сондай-ақ,

М.Мағауин «Қос ағаш» туындысындағы ағаштың өлімі арқылы қазақ халқының рухын оятқысы келген, ал «Әйел махаббаты» туындысында әрбір адамның өмірінде өкініш болатынын, өмірдің өзі трагедияға толы екендігін, баянсыз махаббатың өзі бақыт екендігін оқырманға жеткізген.

Сонымен қатар, М.Мағауин шығармашылығында табалдырық және фантастикалық хронотопты, мистериялық уақытты, сюрреализмнің негізгі элементін, яғни түс көруді қолданғанын, эксплицитті және имплицитті нарратордың рөлін атқарғанын анықтадық.

Мұхтар Мағауин прозасындағы танатопэтиканың негізі көркем мәтіндегі өлімнің идеялық, тақырыптық, сюжеттік, композициялық, образдық деңгейлерде жан-жақты суреттелуінде. Зерттеудің негізгі объектісі ретінде алынған жазушы шығармаларында адам өмірінің осалдығының нәтижесінде үрей мен қорқыныш сияқты сезімдердің сананы билеуі, бас кейіпкер жақынының өлімін көтере алмай күйзеліске түсіп, шизофрениямен ауыруы, қазақ танымындағы өлімнің басқа халықтардан айырмашылығы сияқты танатологиялық мотивтердің қолданысы анықталды.

## Әдебиеттер

1. Балтабаева Г.С. Қазақ әдебиетіндегі виртуалдық проза: оқу құралы. – Алматы: Дәстүр, 2021. – 288 б.
2. Hansen-Love A. A.Mandel'schtam's Thanatopoetics // Reading in Russian Modernism. – М.: Nauka, 1993. – P. 121-122.
3. Красильников Р.Л. Образ смерти в литературном произведении: модели и уровни анализа: монография. – Вологда: ГУК ИАЦК, 2007. – 140 с.
4. Карл Густав Ю. Душа и смерть. – М.: Когито-Центр, 2008. – С. 451- 463.
5. Мағауин М. Өлі мен тірі. URL: <https://madeniportal.kz/article/8059>
6. Лотман Ю.М. Избранные статьи в трех томах. Том I. Статьи по семиотике и топологии культуры. – Эстония: Александра, 1992. – 242 с.
7. Мағауин М. Қыпшақ аруы. – Алматы: Атамұра, 2020. – 256 б.
8. Тартт Д. Щегол: роман. /Донна Тартт пер. с английского А.Завозовой. – М.: АСТ: CORPUS, 2015. – 832 с.
9. Мағауин М. Табының өлімі. Хикаят, әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2004. – 256 б.
10. Женетт Ж. Работы по поэтике. Фокализации. URL: <http://niv.ru/doc/zhenett-raboty-po-etike/fokalizacii.htm> .
11. Нойманн Э. Искусство и время. – М.: REFL-book: Ваклер, 1998. – С. 153- 195.
12. Маслов Е.С. Что такое нарратив? / Е.С.Маслов. – Казань: Изд-во Казан. ун-та, 2020. – 116 с.

13. Шопенгауэр А. Смерть и ее отношение к неразрушимости нашего существа. – М.: Наука, 1993. – 80 с.
14. Бахтин М. М. Вопросы литературы и эстетики. – М.: Худож. лит., 1975. – С. 234-407.
15. Yury M. Lotman. The Text within the Text // PMLA, Volume 109, Issue 3, May 1994, – P. 377 - 384. DOI: <https://doi.org/10.2307/463074>
16. Zharylgapov Zh.Zh., Syzdykova B.E., Kaiyrbekova A.K., Babashov A.M., Shakirova K. Myth and Mythological Discourse in Literary Studies // Bakhtiniana, São Paulo, 18 (4): e63680e, Oct./Dec. 2023. – P. 1-22. DOI: <http://dx.doi.org/10.1590/2176-4573e63680>
17. Минькова Н.В. Персонализация смерти как тактика борьбы с врагом // Грамота, 2010. № 2 (33): в 2-х ч. Ч. I. – С. 38-39.

**А.Қ. ҚАЙЫРБЕКОВА, С.У. ТАКИРОВ, К.А. ТОЛЕУБАЕВА**

Карагандинский университет имени академика Е.А.Букетова,  
Караганда, Казахстан

### ТАНАТОПОЭТИКА ПРОЗЫ М. МАГАУИНА

**Аннотация.** Статья посвящена изучению танатопоетики, важнейшему разделу художественной танатологии и рассмотрению роли термина в мировой литературе, тенденции проникновения в казахскую литературу. Акцент делается на понятиях экзистенциализм, танатологический мотив. Рецензируя работы ученых, внесших свой вклад в изучение танатологии (А. Ханзен-Леве, Р.Л. Красильников, М. Бахтин, Г.Балтабаева и др.), подтверждается актуальность темы смерти в казахской литературе.

Целью данного исследования является изучение и описание художественной роли танатологии в прозе Мухтара Магауина, дифференциация сферы применения категории смерти в его произведениях. Танатологические мотивы в произведениях писателя, взятые в качестве основного объекта статьи, рассматриваются не только на уровне идейно-тематического, изобразительного средства художественного текста, но и исследуется его функция как сюжетобразующего элемента, выявляется связь с термином хронотоп и нарративные особенности в произведениях. Кроме того, в статье дается обзор мифических сюжетов и архетипов, которые легли в основу произведений писателя, проводится глубокий анализ места мифологических образов в произведении, танатопоетики в произведениях писателя.

В статье изучен вклад М. Магауина в расширение границ современной казахстанской прозы.

**Ключевые слова:** смерть, танатология, танатопоетика, хронотоп, экзистенциализм, сюжет, нарратив, архетип.

**A.K. KAIYRBEKOVA, S.U. TAKIROV, K.A. TOLEUBAEVA**

Karaganda University named after Academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan

### THE THANATOPOETICS OF M. MAGAUIN'S PROSE

**Annotation.** The article is devoted to the study of thanatopoetics, the most important section of artistic thanatology and the consideration of the role of the term in world literature, the trend of penetration into Kazakh literature. In addition, the emphasis is on the concepts of existentialism, thanatological motive. Reviewing the works of scientists who have contributed to the study of thanatology (A. Hansen-Levet, R. L. Krasilnikov, M. Bakhtin, G. Baltabayeva, and others), the relevance of the topic of death in Kazakh literature is confirmed.

The purpose of this study is to study and describe the artistic role of thanatology in the prose of Mukhtar Magauin, to differentiate the scope of the category of death in his works. The thanatological motifs in the writer's works, taken as the main object of the article, are considered not only at the level of an ideological, thematic, pictorial means of a literary text, but also its function as a plot-forming

element is investigated, the connection with the term chronotope and narrative features in the works are revealed. In addition, the article provides an overview of the mythical plots and archetypes that formed the basis of the writer's works, provides an in-depth analysis of the place of mythological images in the work, thanatopoetics in the writer's works.

The article will also examine the contribution of M. Magauin to the expansion of the boundaries of modern Kazakh prose.

**Keywords:** death, thanatology, thanatopoetics, chronotope, existentialism, plot, narrative, archetype.

### References

1. Baltabaeva G.S. Qazaq әдебиетіндегі virtualdyq proza: oqu qūraly. – Almaty: Dāstūr, 2021. – 288 b.
2. Hansen-Love A. A.Mandel'schtam's Thanatopoetics // Reading in Russian Modernism. – M.: Nauka, 1993. – P. 121- 122.
3. Krasil'nikov R.L. Obraz smerti v literaturnom proizvedenii: modeli i urovni analiza: monografiya [Tekst]. – Vologda: GUK IACzK, 2007. – 140 s.
4. Karl Gustav Yu. Dusha i smert' [Tekst]. – M.: Kogito-Centr, 2008. – S. 451-463.
5. Mağauin M. Öli men tırı. URL: <https://madeniportal.kz/article/8059>
6. Lotman Yu.M. Izbranny'e stat'i v trex tomax. Tom I. Stat'i po semiotike i topologii kul'tury'. – E'stoniya: Aleksandra, 1992. – 242 s.
7. Mağauin M. Qypşaq aruy. – Almaty: Atamūra, 2020. – 256 b.
8. Tartt D. Shhegol: roman. / Donna Tartt per. s anglijskogo A. Zavozovoj. – M.: AST: CORPUS, 2015. – 832 s.
9. Mağauin M. Tazynyñ ölimi. Hikaiat, äñgimeler. – Almaty: Atamūra, 2004. – 256 b.
10. Zhenett Zh. Raboty` po poe'tike. Fokalizacii. URL: <http://niv.ru/doc/zhenett-raboty-po-poetike/fokalizacii.htm>
11. Nojmann E`. Iskusstvo i vremya. – M.: REFL-book: Vakler, 1998. – S. 153-195.
12. Maslov E.S. Chto takoe narrativ? / E.S. Maslov. – Kazan`: Izd-vo Kazan. un-ta, 2020. – 116 s.
13. Shopengaue'r A. Smert' i ee otnoshenie k nerazrushimosti nashego sushhestva. – M.: Nauka, 1993. – 80 s.
14. Baxtin M. M. Voprosy` literatury` i e'stetiki. – M.: Xudozh. lit., 1975. – S. 234-407.
15. Yury M. Lotman. The Text within the Text // PMLA, Volume 109, Issue 3, May 1994, – P. 377-384. DOI: <https://doi.org/10.2307/463074>
16. Zharylgapov Zh.Zh., Syzdykova B.E., Kaiyrbekova A.K., Babashov A.M., Shakirova K. Myth and Mythological Discourse in Literary Studies // Bakhtiniana, São Paulo, 18 (4): e63680e, Oct./Dec. 2023. – P. 1-22. DOI: <http://dx.doi.org/10.1590/2176-4573e63680>
17. Min`kova N.V. Personifiaciya smerti kak taktika bor'by` s vragom // Gramota, 2010. № 2 (33): v 2-x ch. Ch. I. – C. 38-39.

### Авторлар туралы мәлімет:

**Қайырбекова Аида Құрманғазықызы** – Академик Е.А. Бөкетов Қарағанды университетінің докторанты, Қарағанды, Қазақстан

**Қайырбекова Аида Құрманғазықызы** – докторант Карагандинского университета имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан

**Kaiyrbekova Aida Kurmangazyevna** – doctoral student on the Karaganda University named after academician E.A. Buketov, Kaaganda, Kazakhstan.

**Такиров Саржан Уахитұлы** – Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, Қарағанды, Қазақстан.

**Такиров Саржан Уахитович** – ассоциированный профессор Карагандинского университета имени академика Е.А. Букетова, кандидат филологических наук, Караганда, Республика Казахстан.

**Takirov Sarzhan Uatkhanovich** – Associate Professor of Karaganda University named after academician E.A. Buketov, candidate of Philological Sciences, Karaganda, Republic of Kazakhstan.

**Толеубаева Камшат Аманбайқызы** – Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, Қарағанды, Қазақстан Республикасы,

**Толеубаева Камшат Аманбаевна** – профессор Карагандинского университета имени академика Е.А. Букетова, кандидат филологических наук, Караганда, Республика Казахстан,

**Toleubaeva Kamshat Amanbaevna** – professor of Karaganda University named after academician E. A. Buketov, candidate of philological sciences, Karaganda, Republic of Kazakhstan,

М.М. ҚОНДЫБАЙ<sup>1</sup> Ө. ӘБДИМАНҰЛЫ<sup>2</sup> Р. Г. ТИРАДО<sup>3</sup> Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан <sup>1,2</sup>Гранада университеті, Гранада, Испания<sup>3</sup>(e-mail: [medetmanasuly@gmail.com](mailto:medetmanasuly@gmail.com)<sup>1</sup>, [abdimanuly@rambler.ru](mailto:abdimanuly@rambler.ru)<sup>2</sup>, [rguzman@ugr.es](mailto:rguzman@ugr.es)<sup>3</sup>)

## ӘНШІ-АҚЫНДАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ СҰЛУЛЫҚ СИПАТЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ әнші-ақындарының шығармашылығындағы сұлулық ұғымы мен оның көркемдік ерекшеліктері талданады. Әнші-ақындардың поэзиясында сұлулық ұғымы табиғат, адам және ұлттық болмыстың ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Табиғаттың әсем көріністері мен адамның сымбатты бейнесі арқылы сұлулықтың ұлттық түсінігі көркемдік құралдармен сипатталады.

Әнші-ақындар шығармашылығында әйел сұлулығының сипаттары мен ұлттық дүниетанымның үйлесімі ерекше орын алады. Мақалада метафоралар, эпитеттер мен теңеулер сияқты поэтикалық құралдардың көркемдік және эстетикалық құндылығы зерттеліп, олардың ұлттық эстетикаға тігізген әсері ашылады. Сұлулықты бейнелеуде қолданылатын әдеби әдіс-тәсілдер әнші-ақындардың шығармашылығындағы көркемдік дүниетанымның ерекшеліктерін көрсетуге негіз болады.

Сонымен қатар, мақалада қазақ поэзиясындағы сұлулық ұғымы мен эстетика мәселесі қазіргі әдебиеттану тұрғысынан қарастырылады. Зерттеу барысында сұлулық пен эстетика ұғымдарының тарихи және мәдени контексте қалай қалыптасқанына назар аударылады. Әнші-ақындардың ұлттық мәдениет пен әдеби мұраға қосқан үлесі талданып, олардың шығармаларындағы эстетикалық мазмұн кеңінен ашылады.

Қазақ әнші-ақындарының шығармаларына талдау жасай отырып, ұлттық поэзияның мәдени құндылықтарды бейнелеудегі рөлі мен маңызы көрсетіледі. Зерттеу әнші-ақындардың шығармашылық мұрасындағы көркемдік үйлесімділікті терең түсінуге мүмкіндік береді. Осы арқылы сұлулықтың эстетикалық табиғаты мен оның ұлттық әдебиеттегі бейнесі жаңа теориялық көзқарастар тұрғысынан бағаланып, қазақ поэзиясына қатысты ғылыми көзқарастарды байыту мақсаты көзделеді.

**Түйін сөздер:** қазақ поэзиясы, әнші-ақындар, сұлулық, эстетика, көркем бейне, бейнелеу құралдары.

**Кіріспе.** Қазақ халқының бай әдеби мұрасында әнші-ақындар шығармашылығы ерекше орын алады. Олар поэзиялық туындылары арқылы халқымыздың рухани және мәдени құндылықтарын, сұлулыққа деген көзқарасын бейнелеп, ұлттық дүниетанымның ажырамас бір бөлігі ретінде қалыптастыруға сүбелі үлес қосқан. Әнші-ақындар шығармашылығы қазақ әдебиетінің эстетикалық әлеуетін айқындап, ұлттық поэтикалық мұрасын байытып, ұлттық бірегейлікті сақтауға ықпал еткен. Әнші-ақындардың поэзиясында сұлулық ұғымы табиғат пен адам болмысының ажырамас бірлігі арқылы көрініс табады. Олар табиғаттың әсемдігін, адамның ішкі және сыртқы сұлулығын, өмірдің мәні мен мазмұнын терең философиямен жырлаған. Бұл туындылар ұлттық дүниетаныммен астасқан сұлулық бейнелерін поэзия арқылы жеткізуімен

ерекшеленеді. Адам мен табиғаттың үйлесімі, олардың көркемдік деңгейде суреттелуі қазақ поэзиясында ерекше эстетикалық құндылыққа ие. Осы поэзиялық шығармаларда ұлттық құндылықтармен қатар, жалпыадамзаттық идеялар да көрініс тауып, олардың маңызы айқындалады.

Қазақ әнші-ақындарының шығармашылығындағы сұлулық сипаттары – эстетикалық құрал ғана емес, ұлттық сананың көрінісі әрі рухани кемелдіктің өлшемі. Әнші-ақындардың өлеңдерінде әйел сұлулығы, табиғат көріністері және ұлттық болмыс үйлесімі сипатталады. Олар қолданатын метафоралар, эпитеттер мен теңеулер тек көркемдік әдіс ретінде ғана емес, ұлттық дүниетанымның тереңдігін ашатын поэтикалық құрал қызметін атқарады. Мұндай тәсілдер шығармаларға эстетикалық мән беріп, олардың көркемдік деңгейін жоғарылатады.

Поэзиядағы сұлулық сипаттарының ерекшеліктерін зерттеу – қазіргі әдебиеттану ғылымы үшін өзекті тақырыптардың бірі. Әнші-ақындар шығармашылығындағы сұлулық пен эстетиканың көркемдік ерекшеліктерін зерделеу арқылы қазақ поэзиясының рухани және мәдени мұрасын тереңірек түсінуге болады. Бұл зерттеуде қазақ әдебиетінің эстетикалық және көркемдік табиғаты туралы жаңа көзқарастарды талдауға талпыныс жасалады. Сонымен қатар, әнші-ақындар поэзиясында көрініс тапқан сұлулықтың эстетикалық мазмұнын зерделеу ұлттық құндылықтарды қайта жаңғыртуға және оны болашақ ұрпаққа жеткізуге ықпал етеді.

С. Негимовтің пікірінше, «поэзия тілі – сиқыршы. Поэтикалық ассоциациялар мен көптеген тәсілдердің күрделі үйлесімдерінің өнері көз алдында ашылады. Барлық поэзия шексіз кеңістіктің, табиғат әлемі мен адамзат қоғамының барлық құбылыстарын, күйлерін, қозғалыстарын, формаларын және түстерін қамтиды» [1, 163]. Бұл тұжырым жалпы поэзияның маңыздылығын ғана емес, сонымен қатар күрделі және көпқабатты бейнелер жасайтын ақындардың шеберлігін де айқындайды.

Қазақ халқының эстетикалық ойлау жүйесін түсіну үшін әнші-ақындардың шығармашылығы таптырмас дереккөзге айналған. Бұл зерттеудің мақсаты – осы туындылардағы сұлулықтың бейнелену ерекшеліктерін анықтау, олардың эстетикалық құндылығын ашу және қазақ әдебиетінің жалпы көркемдік дамуына қосқан үлесін бағалау. Әнші-ақындардың поэзиясы арқылы қазақ халқының рухани әлемін, табиғатпен және адаммен байланысын, сондай-ақ ұлттық болмыстың көркем бейнелерін тану әдебиеттану ғылымында ерекше маңызға ие.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Зерттеуде қазақ әнші-ақындар шығармашылығындағы сұлулық сипатын анықтау мақсатында кешенді және салыстырмалы әдістер қолданылды. Негізгі дереккөз ретінде белгілі әнші-ақындардың шығармалары мен олардың поэзиясының көркемдік ерекшеліктерін зерттеген әдеби сын еңбектер пайдаланылды. Сонымен қатар, қазақ әдебиеттану ғылымында қалыптасқан поэзияны талдауға арналған теориялық еңбектер мен әдіснамалық тұжырымдамалар негізге алынды. Қазақ өлеңдерінің көркемдік-эстетикалық табиғатын тану, оған баға беру өткен ғасырда-ақ өрістей бастағаны белгілі. Өлеңнің ұлттық мән-мазмұнын мен табиғатын терең түсініп, осы бағыттағы зерттеудің негізін салған тұңғыш ғалым Ш. Уәлиханов екені де әдебиет тарихынан белгілі. Өлеңнің лирикалық табиғатын арнайы зерттемесе де, осы жанрға қатысты біршама құнды пікірлерін жазып қалдыру арқылы әдебиеттану ғылымын одан әрі өрістетуге жол салды.

Зерттеу әдістері қатарында поэтикалық мәтінді кешенді талдау, метафоралық және бейнелеу құралдарын салыстыру, ұлттық эстетика мен сұлулық ұғымдарының теориялық талдауы жүзеге асырылды. Зерттеу барысында әнші-ақындардың өлеңдеріндегі бейнелік жүйелер, олардың табиғат пен адамды суреттеудегі көркемдік ерекшеліктері, сұлулықты сипаттаудағы поэтикалық құралдардың қолдану жиілігі мен тәсілдері жүйеленді. Сонымен бірге, әнші-ақындардың шығармаларындағы әйел сұлулығын сипаттау мен табиғат көріністерін бейнелеудің ұлттық дүниетанымға сәйкестігіне ерекше көңіл бөлінді. Бұл тұжырымдарды негіздеу үшін әдеби-тарихи әдіс қолданылып, қазақ әдебиетінің дәстүрлі негіздерімен сабақтастық анықталды.

Осылайша, зерттеу әнші-ақындардың поэтикалық шығармаларындағы сұлулық ұғымының көркемдік ерекшеліктерін айқындауға, олардың ұлттық мәдениеттегі эстетикалық орны мен құндылығын терең түсінуге бағытталған.

**Талқылау мен бақылау.** Әнші-ақындар шығармаларындағы сұлулықты сипаттаудың көркемдік ерекшеліктерін талдау барысында бірнеше әнші-ақынның шығармашылығындағы ортақ сарындар мен поэтикалық айшықтарды анықтауға болады. Бұл бөлімде Ақан сері, Біржан сал, Ыбырай, Сегіз сері секілді көрнекті әнші-ақындардың шығармаларында кездесетін сұлулықты бейнелеу тәсілдері қарастырылады.

Қазақ әдебиеттану ғылымында зерттеуді қажет етіпін тақырыптардың бірі – әнші-ақындар шығармаларының поэтикасы, өйткені ән мәтінін зерттеуді музыкатанушылардың еншісіне қалдырып, әдебиеттануда осы тақырыпқа деңдей алмай жүргеніміз жасырын емес. Кең сахараны сахна жасаған дала театрының өнерпаздары атанған әнші-ақындар туралы Е. Ысмайылов: «Шын талант иесі өмірлік құбылысқа бейтарап қарамайды. Ойын-сауыққа қанша қызықса да өзін толғантқан жайларды аттап өте алмаған. Ақын серілік дәурені жүріп, көптеген ән-өлеңдері халық арасына кең таралып жайылған шақтарда да заманы, жақсылық пен жамандық, бар мен жоқтық, достық пен махаббат, араздық пен татулық жайынан көптеген өлең, толғаулар шығарып айтады. Біржан айтып таратқан әлеуметтік мәні бар өлең-жырлардың оннан бірі ғана сақталып бізге жеткен» [2, 100], – дейді.

Әнші-ақындардың бізге жеткен мұрасының ішіндегі шоқтығы биік тақырып – серілік шақтың өлеңдері, ондағы сұлулық сипаты мол поэзия. Әйел сұлулығының қазақ әдебиетіндегі бейнесі терең символикалық мәнге ие. Әнші-ақындар шығармаларындағы әйел сұлулығының сипаттары табиғаттың сұлулығымен ұштасып, ерекше эстетикалық мәнге ие болады. Қазақ поэзиясында әйелдің сыртқы келбетін сипаттау барысында табиғаттың әсем көріністері мен табиғат әлемінің сұлу жаратылыстары қатар қойып қолданылады. Бұл әйел сұлулығын тек сыртқы көрініс қана емес, сонымен бірге оның рухани болмысын ашатын метафоралық құрал ретінде танытуға мүмкіндік береді.

Ақан Серінің өлеңдерінде, мысалы, Ақтотының сұлулық сипаттары оның әсемдігін, нәзіктігін және ішкі жан дүниесінің сұлулығын терең түсінуге жол ашады.

Ой, қалқа, тілің тәтті, лебің балдай,  
Қалам қас, ителгі көз, жазық маңдай.  
Түсінде Бағлан патша ғашық болып,

Секілді сүйген сұлу Күләндамдай [3, 59], – деген жолдар Ақтотының ішкі жан дүниесінің тазалығын да көрсетеді.

Ақан сері шығармаларында әйел сұлулығы табиғат құбылыстарымен астастырыла бейнеленеді. Ақын «Қалам қас, тілің тәтті, лебің балдай, ителгі көз, жазық маңдай, қарақаттай көз» деп, көркем сөз тіркестерін қолдана отырып, кейіпкердің сыртқы бейнесін ғана емес, ішкі жан дүниесін де суреттейді. «Кекілің тоты құстың тарауындай», «Жауғаң көз ақсұңқардың қарауындай», «Шашың жібек, жүзің айдай» сияқты теңеулер арқылы сұлулықты поэтикалық деңгейде бейнелеу шеберлігі байқалады. Табиғаттағы сұлу құстар мен жануарлар ақынның жырларында жиі кездеседі:

Аққу едің таранған айдындағы,

Секілді Үргеніште ханға тартқан [3, 66], – деген жолдар арқылы нәзік әрі әсем бейнелер жасалады.

Біржан салдың өлеңдерінде нәзік сезім мен терең лиризм басым. Ол сүйіктісін сипаттау барысында «Шаһардың Иранбағы гүліндейсің, Зәйтүңдей ерте піскен күлімдейсің» деп ерекше теңеулер қолданады. «Бұралған нәзік белі тал шыбықтай», «Ажарың ақ түлкінің ажарындай», «Көңіл ашар шай секілді, арда емген жылқы ішінде тай секілді» деген бейнелерден ақынның нәзіктік пен сұлулықты үйлесімді жеткізудегі шеберлігі көрінеді. Біржан сал табиғаттың әсем көріністерін әйел сұлулығымен байланыстыра отырып, олардың үйлесімін шебер жеткізеді.

Ыбырай шығармашылығында да сұлулықты сипаттау көркемдік нақышпен өрнектеледі. Ол көбіне әйел бейнесін табиғаттың сұлу көріністерімен салыстыра отырып жырлайды: «Таранған айдын көлде сіз бір аққу...», «Шомылған дарияда сен қоңыр қаз...» Мұндағы аққу мен қоңыр қаз бейнелері қазақ халқының эстетикалық талғамын көрсететін дәстүрлі символдар ретінде көрінеді. Сонымен қатар, «Қарақат көзді, сүмбіл шаш, оймақ ауыз, қиғаш қас» секілді теңеулер арқылы ақын кейіпкердің сырт келбетін айқын суреттейді. Бір оқығанға қарапайым көрінгенмен, осы жолдардың өзінде қаншама поэтикалық қуат, мінез жатыр.

Ыбырайдың:

Ей, қалқа, сен ақ қоян құмнан қашқан,

Аспаңда мен ақиық шабыт құшқан [4, 37] , – деген жолдарында поэтикалық образ жасау шеберлігі айқын аңғарылады.

Сегіз сері шығармаларында да әйел сұлулығын сипаттауда табиғатқа тән әсем бейнелер кеңінен қолданылады. Ақынның «Күлім көз, оймақ ауыз, жазық маңдай» деген жолдарынан бастап, «Ажарың ақ түлкідей қашқан құмнан» деген бейнелеулерге дейінгі барлық поэтикалық тәсілдер әйелдің сұлу келбетін әсерлі жеткізеді. Сегіз сері «Аққуға құмар болған ақ сұңқардай» деген жолдарда махаббат пен сүйіспеншілік сезімдерін ерекше поэтикалық өрнекпен береді. Оның шығармаларында кездесетін «Маралдың қолға түскен ылағындай» секілді теңеулер қазақ поэзиясындағы сұлулықты сипаттаудың дәстүрлі үлгілерін байыта түседі.

Г. Орда зерттеу еңбегінде қазақ әдебиетінде әйел бейнесінің көрінісін зерттеп, зерделеген. Фольклордан бастап жазба әдебиетке дейінгі поэзия, проза және драматургияны талдай отырып, XX-XXI ғасырдағы әйел бейнелерінің өзгерістерін әлеуметтік-мәдени және саяси шындықтардың ықпалымен байланыстырған [5, 653]. Осы тұрғыда сал-серілер поэзиясындағы қазақ қызының бейнесі дәстүрлі әйел бейнесінің жаңа қырларын аша отырып, әнге арқау болған тұлға ретінде ерекшеленеді. Әнші-ақындардың поэзиясы өзіне тән көркемдік тәсілдер мен метафоралар арқылы қазақ қызының бейнесін тереңдік пен эмоциялық күш-қуатпен байытады.

Ақан сері, Біржан сал, Ыбырай және Сегіз сері шығармаларында кездесетін сұлулықты сипаттаудың негізгі ерекшелігі – табиғат құбылыстарын қолдану арқылы әйел бейнесін әсерлі жеткізу. Табиғат көріністері нәзіктік пен әсемдіктің символы ретінде жиі қолданылады. Мысалы, «Шашың жібек, жүзің айдай» немесе «Аққу едің таранған айдындағы» деген тіркестер нәзік бейнені нақты суреттеп қана қоймай, оны оқырманның қиялында жандандырады. Мұндай тәсілдер ұлттық дүниетаным мен табиғатқа тән сұлулықты қабылдаудың өзіндік ерекшелігін көрсетеді.

Біржан салдың «Зәйтүңдей ерте піскен күлімдейсің» деген жолдары да ұлттық бояуы қанық теңеулердің біріне жатады. Бұл жерде зәйтүн жемісінің ерте пісуін нәзік сұлулықтың белгісі ретінде қолдану арқылы ақын тыңдаушының назарын ерекше әсерлі сипатқа аударады. Сол сияқты, Ақан серінің «Секілді Үргеніште ханға тартқан» деген теңеуі де тарихи-мәдени контексте мағыналы әрі әсерлі. Ақындар қолданған теңеулер мен эпитеттер қазақ халқының сұлулық туралы түсініктерін, эстетикалық идеалдарын көрсетеді.

Сегіз серінің шығармаларында кездесетін «Маралдың қолға түскен ылағындай» немесе «Аққуға құмар болған ақ сұңқардай» деген теңеулер табиғаттағы сирек кездесетін құбылыстарды қолдану арқылы кейіпкердің ерекшелігін көрсетеді. Бұл тәсіл қазақ поэзиясына тән дәстүрлі теңеулерді байыта түседі. Ақындар нәзік сезімді жеткізу үшін табиғаттың ең сұлу элементтерін, соның ішінде құстар мен жануарларды кеңінен пайдаланады.

Ш. Керім әнші-ақындар поэзиясындағы «сұлу қыз көркі формулаларға айналған, көпшілікке таныс тіркестер арқылы бейнеленетінін» [6, 56], олардың басым көбі фольклордан ауысқанын айтады.



Әнші-ақындардың шығармаларында табиғат көріністері мен адам сұлулығын қатар жырлау арқылы сұлулықты сипаттаудың ұлттық дүниетанымға тән ерекшелігі айқын көрінеді. Олар көбіне нәзік жанды әйел бейнесін аққу, сұңқар, марал сияқты табиғаттың көрікті жаратылыстарымен салыстырып, сол арқылы қазақ ұғымындағы сұлулық идеясын айшықтайды. Бұл ақындардың барлығы да поэзиялық туындыларында көркемдік құралдарды шебер пайдаланып, қазақ халқының эстетикалық талғамын танытатын үздік үлгілерді қалыптастырған.

Халық тілінің қазынасы мен рухани байлығының нағыз мұрагерлері ретінде өз шығармашылығында сол тіл байлық пен ұлттық образдар жүйесін, ұлттық танымды жалғастырып, жаңа деңгейге көтере білді.

Сөз қолданысы мен образ үлгілерін халық өлеңдерінен алғанмен, әр әнші-ақынның өзіндік өрнегі, даралығы бар. Бұл туралы ғылым Б. Кәрібаева: «Біржан, Ақандар мен халық творчествосының арасында биік дуал жоқ. Еш уақытта жоққа шығарылмайтын бір шындық – олар халық творчествосымен тығыз бірлікте болды. Бірде үйренсе, бірде сайысқа түсті. Бірде тең, бірде кем түсті» [7, 21], – дейді.

Әнші-ақындар лирикасының халық өлеңдерімен тамырлас екенін, халық өлеңдерінің әсемдік, лирикалық сарын-күйлерінен туып дамығанын аңғару қиын емес. Мысалы:

Ажарың ашық екен атқан таңдай,  
Нұрлы екен екі көзің жаққан шамдай [8, 130].  
(Халық әні)

Салғаным оң қолыма алтын жүзік,  
Аққуым көл дария жүрген жүзіп [8, 209].  
(Халық әні)

Екі беттің ажары  
Жазғы түскен шағымдай.  
Білегінің ажары  
Ай балтаның сабындай [9, 109].  
(Қыз Жібек жырнанан)

Әнші-ақындар шығармашылығын халық өлеңдеріндегі осы жолдардан тыс қарату мүмкін емес. Керісінше, Біржан, Ақандар тәлім алған эстетикалық мектеп – халық өлеңдері, ұлттық поэтикалық тілдің қайнар көзі. Ә. Тәжібаев: «Лириканың негізі – халық өлеңдерінде, әсіресе сал-сері атанған: Ақан, Біржан, Жаяу Мұса, Ыбырай, Әсеттерде жатыр» [10, 69], – дейді.

А. Нұрқатов әнші-ақындар поэзиясына халық әдебиетімен қатар шығыс дастандарының да ықпалы болғанын жазады. Әсіресе «ғашықтық дастандарын үлгі көріп», сол дастандардың көркемдік-эстетикалық табиғатын өз жадынан жаңғыртып, поэзиясына көркем бояу ретінде пайдаланғанын аңғарамыз [11, 11].

Әнші-ақындардың поэзиясында әйел сұлулығы физикалық сипаттан гөрі рухани өлшеммен тығыз байланысты. Мысалы, олар қызды «аспан жұлдызына», жүзін «айдың жарығына», жүрісін «самал желге» теңейді. Мұндай бейнелеу сыртқы тартымдылықты ғана емес, сондай-ақ оның әлеммен үйлесімін де көрсетеді. Әйел сұлулығы олардың шығармаларында физикалық және рухани элементтердің бірігуінің символы ретінде бейнеленіп, махаббат пен өмірдің жоғары үйлесімділігін көрсетеді.

Қазақ халқының ақындық өнерін зерттеген Е. Ысмайылов «Біржан – Сара айтысының» көркемдік қасиетін айта келе, ақындардың осы айтыста ақындықтың кемел дәрежесіне көтерілгенін жазады. Бұл тұста да Біржанның сөз қолданысынан эстетикалық иірімдердің мол екенін көреміз. Айтысты бастаған да ақ Сараны бәйгеге қатысар жүйрікке теңеп, даналығын көркем сөзбен көмкере жеткізеді:

Қызы екен Тастанбектің ақын Сара  
Бәйгеден күнде келген жалғыз қара.  
Қыз да болса адамның жүйрігі екен  
Көрмедім сөзді адамды ондай дана [12, 4].

Осы желі айтыстың аяғына дейін сақталып, көркемдік-эстетикалық қыры жан-жақты көрініп отырады.

Әнші-ақындар поэзиясы қазақ әдебиетінің көрнекті құбылысы ретінде тек отандық емес, шетелдік ғалымдардың да назарын аударуда. Сал-серілер шығармашылығын әлем әдебиеті тұрғысынан қарастырған бірнеше зерттеу жұмысы шетелдік ғылыми басылымдарда жарияланып, қазақтың әдеби мұрасын жаһандық деңгейде тануға жол ашты. Біржан сал өмірінің маңызды кезеңін бейнелейтін халық поэзиясының үздік үлгілерінің бірі – «Біржан мен Сара айтысы» да ғылыми еңбектерге арқау болған. Айтыстағы поэтикалық шеберлік пен әлеуметтік тақырыптарды талдаған зерттеуші Е.М. Дубииссон Біржан салдың тарихи және әдеби тұлғасын жан-жақты бағалай отырып саралайды [13, 6]. Сонымен қатар қазақ қоғамындағы ер мен әйелдің қоғамдық орны, олардың әдебиеттегі көрінісі жайлы мәселелер Д. Шульза мен С. Бахник еңбектерінде кеңінен талданып, әнші-ақындар поэзиясынан көрініс тапқан сол заманның әлеуметтік қатынастары туралы маңызды тұжырымдар жасалған [14, 93].

Абай поэзиясындағы әйелдер бейнесін Абайға дейінгі көркемдік көзқарастармен салыстыра отырып зерттеген А.Н. Жұматаева Абаймен тұстас сал-серілер поэзиясы өкілдерінің шығармаларында әйел бейнесі біршама ашыла түскенін мысалдар арқылы талдай келе: «Қазақ әйелі бейнесінің, оның рухани болмысының берік ір-тетасы ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлерге, сол дәуірдегі ұлттық мұратты бойына сіңірген қоғамдық көзқарастарға және діни негіздерге сай қалыптасты деуге болады» [15, 181] – деген қорытындыға келеді.

Сұлулық сипаттарының әнші-ақындар шығармаларындағы көрінісі «ерлер шығармашылығында әйел образдары тарихи оқиғаның маңыздылығын көрсету мақсатында қолданылады» [16, 96] – деген пікірдің біржақтылығын дәлелдейді. Әнші-ақындар шығармашылығы әйел табиғатының сан қырын ашудың үздік үлгісі бола білді деп есептейміз.

Сал-серілердің шығармалары қазақ әдебиетінің көркемдік жетістіктерін ғана емес, сонымен бірге түрлі сынақтарға қарамастан өз ерекшелігін және рухани күшін сақтап қалған халықтың рухани және мәдени құндылықтарын түсінуге мүмкіндік береді.

**Нәтижелер.** Әнші-ақындардың шығармашылығын талдау нәтижесінде бірнеше маңызды қорытынды жасауға болады. Біріншіден, олардың поэзиясында сұлулық ұғымы эстетикалық идеал ретінде көрініс табады. Бұл сұлулық табиғат пен адамның үйлесімділігін бейнелеумен қатар, қазақтың ұлттық дүниетанымындағы көркемдік құндылықтардың мәнін ашады. Әнші-ақындар сұлулықты суреттеуде ұлттық болмыс пен рухани ұғымдарды негізгі тірек ете отырып, өзіндік көркемдік жүйе қалыптастырған.

Екіншіден, әнші-ақындардың көркемдік әдістерін зерделеу барысында олардың сұлулықты сипаттауда символикалық тәсілдерге жиі жүгінгені байқалды. Бұл тәсілдер сұлулықтың терең мазмұнды, көпқабатты бейнесін жасауға мүмкіндік береді және олардың поэзиясының ерекше эстетикалық құндылығын арттырады.

Үшіншіден, зерттеу барысында әнші-ақындардың шығармаларында сұлулық ұғымы тек сыртқы көріністі бейнелеумен шектелмей, адамның ішкі рухани байлығы мен ізгілігін де қамтитыны анықталды. Осы арқылы ақындар ұлттық эстетикалық идеалды тек көркем бейне ретінде ғана емес, рухани кемелдікке жетудің үлгісі ретінде де ұсынған.

Төртіншіден, әнші-ақындардың шығармашылығы сұлулықты бейнелеу арқылы қазақ қоғамының тарихи-әлеуметтік болмысын танытады. Сол кезеңдегі ұлттық құндылықтарды дәріштеу мен қоғамның мәдени дамуына ықпал ету олардың поэзиясының негізгі ерекшеліктерінің бірі болды.

Бесіншіден, сұлулықты бейнелеудегі көркемдік әдістердің әртүрлілігі әнші-ақындардың шығармашылық даралығын айқындайды. Бұл даралық олардың поэзиясының эстетикалық қуатын арттырып қана қоймай, қазақ әдебиетіндегі көркемдік танымның жаңа деңгейге көтерілуіне ықпал етті.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, әнші-ақындар шығармашылығы қазақ әдебиетінің көркемдік қазынасын байыта отырып, эстетикалық танымның қалыптасуына ықпал етті. Олардың поэзиясы сұлулықты бейнелеу арқылы ұлттық болмысты, рухани құндылықтарды жаңғыртып, қазақ қоғамының мәдени-рухани дамуына үлес қосты. Сондықтан әнші-ақындардың шығармашылығын зерделеу ұлттық әдебиеттегі көркемдік дәстүр мен эстетикалық танымның жаңа қырларын ашуға мүмкіндік береді.

**Қорытынды.** Әнші-ақындар шығармашылығын зерттеу барысында олардың поэзиясында сұлулықты сипаттаудың өзіндік ерекшеліктері айқындалды. Бұл ерекшеліктер қазақ халқының эстетикалық танымы мен дүниетанымын терең ұғынуға мүмкіндік береді. Әнші-ақындар өз заманындағы мәдени-рухани құндылықтарды насихаттай отырып, ұлттық поэзияның көркемдік әлеуетін арттырған. Олардың шығармаларындағы сұлулық сипаттары табиғат, адам және қоғамның үйлесімділігін бейнелеу арқылы айшықталады.

Әнші-ақындардың өлеңдеріндегі сұлулық ұғымы ұлттық болмысты танытатын басты категориялардың бірі ретінде көрінеді. Табиғат пен адам арасындағы байланысты эстетикалық деңгейде жырлау арқылы ақындар оқырманға терең рухани әсер қалдырады. Мысалы, табиғат құбылыстарының әрбір деталі адам сезімінің нәзік иірімдерімен байланыстырылып, ішкі үйлесімділік ұғымын қалыптастырады. Бұл ерекшелік – қазақ поэзиясында көркемдік сұлулықты сипаттаудың ерекше тәсілдерінің бірі.

Ақындар шығармашылығындағы тағы бір маңызды ерекшелігі – ұлттық құндылықтар мен рухани мұраның жырлануы. Туған жерге деген сүйіспеншілік, атамекеннің көркем бейнесін жасау арқылы әнші-ақындар қазақ поэзиясының тақырыптық аясын кеңейтіп қана қоймай, ұлттық бірегейлікті нығайтатын идеяларды алға тартты. Олардың шығармаларында атамекенге деген махаббат пен құрмет эстетикалық тұрғыдан терең суреттеліп, отаншылдық сезімнің көркем бейнесін жасайды.

Әнші-ақындардың сұлулықты сипаттаудағы көркемдік тәсілдері де әр алуан. Олардың шығармаларында метафора, теңеу, символ сияқты көркемдік құралдар молынан кездеседі. Бұл құралдар сұлулықтың терең әрі көпқабатты бейнесін жасауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, ақындар поэзиясында дыбыстық үйлесімге де ерекше мән берілген. Өлеңдердің әуезділігі, ырғақтылығы олардың эстетикалық әсерін күшейтеді. Осылайша, әнші-ақындар поэзиясында сұлулық тек мазмұн ғана емес, форма ерекшелігі ретінде де маңызды орын алады.

Зерттеу барысында анықталған тағы бір жайт – әнші-ақындардың шығармашылығының қазақ қоғамының тарихи-әлеуметтік болмысымен тығыз байланысы. Олар өз заманының оқиғаларына үн қатып, тарихи кезеңдердегі әлеуметтік өзгерістерді көркемдік тұрғыдан бейнелей білді. Бұл ақындардың шығармаларының мазмұнын тереңдетіп қана қоймай, олардың қоғамдық маңызын арттыра түсті. Әнші-ақындар өз шығармаларында сұлулықты суреттеу арқылы халықтың эстетикалық талғамын қалыптастырып, оның рухани дүниесін байытты.

Қорытындылай келе, әнші-ақындардың шығармашылығында сұлулықты сипаттаудың ерекше қырлары мен көркемдік әдістері анықталды. Бұл әдістер олардың поэзиясын эстетикалық тұрғыдан құнды етіп қана қоймай, қазақ әдебиетінің жалпы дамуына да зор ықпал етті. Әнші-ақындар өз туындыларында ұлттық құндылықтар мен рухани мұраны насихаттау арқылы көркемдік дәстүрдің сақталуына және жаңаруына үлес қосты. Олардың поэзиясында табиғат пен адам, тарих пен руханият, сұлулық пен ізгілік ұғымдары тығыз байланыста бейнеленіп, ұлттық поэзияның көркемдік көкжиегін кеңейтті.

Бүгінгі таңда әнші-ақындар шығармаларын зерттеуді жалғастыру – қазақ әдебиетінің тарихын, көркемдік ерекшеліктерін және ұлттық эстетикалық идеалдарды тереңірек ұғынуға жол ашады. Олардың шығармашылығы ұлттық мәдениеттің маңызды бөлігі ретінде қазіргі ұрпақ үшін де құнды болмақ.

## Әдебиеттер

1. Негимов С. Қазақтың сал-серілері. Ғылыми эсселер. – Алматы: Ана тілі, 2005. – 128 б.
2. Ысмайылов Е. Әдебиет жайлы ойлар. – Алматы: Жазушы, 1968. – 316 б.
3. Ақан сері Қорамсаұлы. Шығармалары. – Алматы: Қазақстан баспа үйі, 2013. – 384 б.
4. Саңдыбайұлы Ы. Гәкку. Өлеңдер, айтыстар және әндер жинағы. – Астана: Фолиант, 2005. – 184 б.
5. Orda G., Sarsenbayeva Zh, Sultanova B., Abilkhaiyrov N., Abdrakhmanova K. Artistic transformation of the female image in kazakh literature // Mankind Quarterly, 2021, 61(3)16, – P. 653-668, DOI: <https://doi.org/10.46469/mq.2021.61.3.16>
6. Керім Ш. Сал-серілер поэзиясы. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы. Монография. – Алматы: Ұлағат, 2017. – 108 б.
7. Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ лирикасының поэтикасы: Әдеби-сын мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1988. – 152 б.
8. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 99: Ән-өлеңдер. – Астана: Фолиант, 2013. – 440 б.
9. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 53: Ғашықтық жырлар. – Астана: Фолиант, 2009. – 456 б.
10. Тәжібаев Ә. Өмір және поэзия. – Алматы: Жазушы, 1960. – 265 б.
11. Нұрқатов А. Шығармалары. Т 2. – Алматы: Ана тілі, 2013. – 384 б.
12. Біржан мен сара айтысы. Тарихи-танымдық зерттеулер жинағы. Құраст. Е. Нұрахмет. – Алматы: Press Go, 2021. – 276 б.
13. Dubuisson, E. M. The Aitys of Birzhan and Sara: A Young Woman’s Voice in Kazakh Oral Literature. Manuscript submitted for publication. In Tulips in Bloom: An Anthology of Modern Central Asian Literature (The Steppe and Beyond: Studies on Central Asia Series). // Palgrave Macmillan, 2020. – P. 357-381.
14. Daniel Schulza, Štěpán Bahník // Gender Associations in the 20th Century English Literature // Journal of Personality Studies, Volume 81, August, 2019, – P. 88-97. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.jpr.2019.05.010>
15. Жұматаева А.Н. Абай поэзиясындағы әйелдер бейнесі: Абайға дейінгі көркемдік көзқарастарға салыстырмалы талдау // Керуен. №77(4). – 2022. – Б. 178–188. DOI: <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.4-14>
16. Адаева Е. Қазақ әдебиетін зерттеудің гендерлік аспектілері // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. №3. – 2023. – Б. 85-101. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-3.06>

**М.М. КОҢДЫБАЙ, О. АБДИМАНУЛЫ**

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

**Р.Г. ТИРАДО**

Университет Гранады, Гранада, Испания

### **ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ОСОБЕННОСТИ ОБРАЗА КРАСОТЫ В ТВОРЧЕСТВЕ ПЕВЦОВ-АКЫНОВ**

**Аннотация.** В статье подробно рассматриваются представления о красоте и их художественные особенности в творчестве казахских певцов-поэтов. Понятие красоты в их поэзии рассматривается как неотъемлемая часть природы, человека и национального мировоззрения. Национальное понимание красоты описывается с использованием художественных средств через живописные образы природы и эстетически привлекательный образ человека.

Особое внимание уделяется гармоничному сочетанию женской красоты, природных пейзажей и национального мировоззрения. Исследуются художественная и эстетическая ценность таких поэтических средств, как метафоры, эпитеты и сравнения, используемых в произведениях певцов-поэтов, а также их влияние на национальную эстетику. Литературные методы, применяемые для изображения красоты, служат основой для выявления особенностей

художественного мировоззрения в их творчестве.

В статье исследуются вопросы красоты и эстетики в казахской поэзии с точки зрения современной литературоведения. Анализируется исторический и культурный контекст формирования понятий красоты и эстетики. Рассматривается вклад певцов-поэтов в национальную культуру и литературное наследие, а также подробно раскрывается эстетическое содержание их произведений.

Посредством анализа произведений казахских певцов-поэтов в статье показывается роль и значение национальной поэзии в отражении культурных ценностей. Исследование предоставляет возможность глубже понять художественную гармонию в творческом наследии певцов-поэтов. Таким образом, эстетическая природа красоты и её образ в национальной литературе оцениваются с новых теоретических позиций, что способствует обогащению научных взглядов на казахскую поэзию.

**Ключевые слова:** казахская поэзия, певцы-акыны, красота, эстетика, художественный образ, изобразительные средства.

**M.M. KONDYBAY, O. ABDIMANULY**

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

**R.G. TIRADO**

University of Granada, Granada, Spain

#### **THE ARTISTIC FEATURES OF THE CONCEPT OF BEAUTY IN THE WORKS OF SINGER-POETS**

**Annotation.** This article provides a detailed examination of the concept of beauty and its artistic features in the works of Kazakh singer-poets. Beauty in their poetry is regarded as an integral part of nature, humanity, and national worldview. The national understanding of beauty is described through the use of artistic devices, capturing the vivid imagery of nature and the aesthetically appealing representation of human figures.

Special attention is given to the harmonious interplay of feminine beauty, natural landscapes, and the national worldview. The study explores the artistic and aesthetic significance of poetic devices such as metaphors, epithets, and similes found in the works of singer-poets, as well as their influence on the national aesthetic. Literary methods employed to depict beauty serve as a foundation for uncovering the distinctive features of artistic perception in their creativity.

